


**Саулет қала құрылысы қызметі, тұрғын үй қатынастары
және коммуналдық шаруашылық саласындағы
мемлекеттік нормативтік құжаттар
Государственные нормативные документы в сфере архитектурной,
градостроительной и строительной деятельности,
жилищных отношений и коммунального хозяйства**

**«ҒИМАРАТТАРДЫҢ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ СУ
БҰРУ ЖҮЙЕЛЕРІН МОНТАЖДАУ, ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ
ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫСТАР»**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО МОНТАЖУ,
НАЛАДКЕ И ЭКСПЛУАТАЦИИ СИСТЕМ
ВОДОСНАБЖЕНИЯ И ВОДООТВЕДЕНИЯ ЗДАНИЙ»**

**МОНТАЖДАУ
МОНТАЖ**

Ресми басылым
Издание официальное



**Қазақстан Республикасы ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно–коммунального хозяйства
и управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан**

Астана 2014

Алғы сөз

1. ӘЗІРЛЕГЕН: «Монолит-Строй2011» ЖШС
2. ҰСЫНҒАН: Қазақстан Республикасы ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3. МІНДЕТТІ НЕГІЗДЕ ҚОЛДАНУ ҮШІН БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ: Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және жер ресурстарын басқару істері жөніндегі Комитетінің 20xx жылдың « ____ » _____ № _____ бұйрығымен _____ бастап.
Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің құрылымы бойынша ҚН ____ кешеніне енеді.
4. ОРНЫНА: Алғашқы рет

Предисловие

1. РАЗРАБОТАН: ТОО «Монолит-Строй2011»
2. ПРЕДСТАВЛЕН: Управление технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3. УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ ДЛЯ ПРИМЕНЕНИЯ НА ОБЯЗАТЕЛЬНОЙ ОСНОВЕ: Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «__» _____ 2011 года № _____ с _____.
По структуре государственных нормативов в области архитектуры, градостроительства и строительства СН входит в комплекс ____
4. ВВЕДЕН: Впервые

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|----|
| КІРІСПЕ..... | IV |
| 1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ | 1 |
| 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР | 1 |
| 3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР | 5 |
| 4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР | 5 |
| 5 СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ СУ БҰРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ МОНТАЖДАУ КЕЗІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН МАТЕРИАЛДАР МЕН БҰЙЫМНЫҢ ҚОСЫЛЫС ТҮРЛЕРІ..... | 7 |
| 5.1 Болат құбырлар мен байланыстырғыш бөлшектер..... | 7 |
| 5.2 Мыс құбырлар мен байланыстырғыш бөлшектер..... | 8 |
| 5.3 Термопластыдан жасалған арынды құбырлар мен байланыстырғыш бөлшектер..... | 9 |
| 5.4 Кәріздік құбырлар мен олардың фасон бөлшектері..... | 10 |
| 5.5 Болат құбырлардан жасалған құбыржолдар қосылыстарының түрлері мен тәсілдері..... | 11 |
| 5.6 Полимер құбырлардан жасалған құбыржолдар қосылыстарының түрлері мен тәсілдері..... | 13 |
| 5.7 Жез құбырлардан жасалған құбыржолдар қосылыстарының түрлері мен тәсілдері..... | 13 |
| 5.8 Кәріздік жүйелер қосылыстарының түрлері мен тәсілдері..... | 14 |
| 5.9 Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жабдықтарын жинақтау және дайындау..... | 14 |
| 6 СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ СУ БҰРУ ЖҮЙЕЛЕРІН МОНТАЖДАУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ..... | 15 |
| 6.1 Монтаж-жинақтау жұмыстарын ұйымдастыру..... | 15 |
| 6.2 Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің монтаж-жинақтау жұмыстары..... | 18 |
| 6.2.1 Жалпы ережелер | 18 |
| 6.3 Ішкі сумен жабдықтау жүйесін монтаждау..... | 18 |
| 6.4 Ішкі кәріз жүйесін монтаждау | 21 |
| 6.5 Металл және шойын құбырлардан жасалған ішкі кәріздік жүйені монтаждау | 22 |
| 6.6 Пластмасса құбырларынан және пластмасса фасон бөлшектерінен жасалған ішкі кәріздік жүйені монтаждау..... | 23 |
| 6.7 Суағар құбыржолдарын монтаждау..... | 24 |
| 6.8 Суөлшеуіш торапты монтаждау..... | 26 |
| 6.9 Өртке қарсы ішкі суқұбырын монтаждау..... | 27 |
| 6.10 Сорғы қондырғыларын монтаждау..... | 27 |
| 6.11 Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің қосалқы реттеуіш сыйымдылықтарын монтаждау..... | 29 |
| 7 СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ СУ БҰРУ ЖҮЙЕЛЕРІН МОНТАЖДАУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ..... | 31 |
| 8 ІСКЕ ҚОСЫП БАПТАУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ОРЫНДАУ ЖӘНЕ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ МЕН СУ БҰРУ ЖҮЙЕЛЕРІН СЫНАУ..... | 33 |
| 8.1 Жалпы ережелер..... | 33 |
| 8.2 Жабдықты жеке сынау..... | 33 |
| 8.3 Ішкі сумен жабдықтау жүйесін сынау..... | 33 |
| 8.4 Ішкі кәріз, суағар жүйелерін сынау..... | 34 |

| | |
|---|----|
| 9 СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕЛЕРІН СУМЕН ШАЮ ЖӘНЕ ДЕЗИНФЕКЦИЯЦИЯЛАУ | 34 |
| 10 ЖҰМЫС САПАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР..... | 35 |
| 11 ПАЙДАЛАНУ..... | 37 |
| ҚОСЫМША А (ұсынылатын)..... | 41 |
| ҚОСЫМША Б (ақпараттық)..... | 42 |
| ҚОСЫМША В(ақпараттық)..... | 43 |
| ҚОСЫМША Г (ақпараттық)..... | 45 |
| ҚОСЫМША Д (міндетті). | 51 |
| ҚОСЫМША Е (міндетті). | 52 |
| ҚОСЫМША К (міндетті)..... | 53 |
| ҚОСЫМША Л (міндетті)..... | 54 |
| ҚОСЫМША М (міндетті)..... | 55 |
| БИБЛИОГРАФИЯ | 56 |

Кіріспе

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 желтоқсандағы «2014-2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» І 148-V Заңы әзірлеу негіздемесі болып табылады. Суық сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жинақтау, жөндеу және пайдалану жөніндегі әдістемелік ұсыныстар Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттары мен осы нормаларға сәйкес жүзеге асады, мемлекеттік норматив алғаш рет әзірленіп отыр.

Осы әдістемелік ұсыныстарда сумен жабдықтау, су бұру және құбырлармен қосылғыш бөлшектерден жасалған ішкі өрт сөндірудің ішкі жүйелерін жинақтаудың жиі қолданылатын тәсілдері қарастырылған, жұмыс сапасы, қауіпсіздік және еңбек қорғау, экологиялық және өрт қауіпсіздігі мәселелері түсіндірілген, жұмыс орнын ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар келтірілген.

Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жинақтау кезінде біздің елімізде, сондай-ақ шетелде қазіргі заманғы тәжірибеде қолданыс тапқан инновациялық тәсілдерді қоса ала отырып, жинақтау, іске қосып баптау жұмыстарының барлық тәсілдерін пайдалануды қарастыруға ұсыныс жасалады.

«GUIDELINES FOR INSTALLATION, COMMISSIONING AND OPERATION OF
WATER SUPPLY AND DRAINAGE OF BUILDINGS»

«ҒИМАРАТТАРДЫҢ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ СУ БҰРУ
ЖҮЙЕЛЕРІН МОНТАЖДАУ, ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР»

Енгізу мерзімі — 20XX–XX–XX

1 Қолданылу саласы

Осы әдістемелік ұсыныстар ішкі, сумен жабдықтау, су бұру, ішкі өрт сөндіру жүйелерін монтаждауға қатысы бар. Әдістемелік ұсыныстар жинақтау және құрылыс ұйымдарының сумен жабдықтау мен су бұру ішкі жүйелерінің құрылысымен айналысатын инженерлік-техникалық жұмыскерлеріне арналған, сонымен қатар оны осы жүйелердің пайдаланушы кәсіпорындарының жұмыскерлері де пайдалана алады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы құжатты пайдалану үшін мына сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

Для применения настоящего документа необходимы следующие ссылочные нормативные документы:

- ҚР ҚН 4.01-02-2011 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры мен кәрізі
- ҚР ҚНЕ 4.01-41-2006 Ғимараттардың ішкі су құбыры мен кәрізі
- ҚР ҚНЕ 4.02-42-2006 Жылыту, желдету және кондициялау
- ҚР ҚНЕ 2.02-05-2002 Ғимараттар мен имараттардың өрт қауіпсіздігі
- ҚР ҚНЕ РК 2.02-15-2003 Ғимараттар мен имараттардың өрт автоматикасы
- ҚР ҚНЕ 4.04-10-2002 Электротехникалық құрылғылар
- ҚР ҚН 1.03-14-2011 «Құрылыстағы еңбек қорғау мен техника қауіпсіздігі»
- ҚР ҚН 4.01-05-2002 Сумен жабдықтау және пластмассалық құбырлардан жасалған кәріздік желілерді жобалау және монтаждау жөніндегі нұсқау.
 - «Электрмен дәнекерлеу және газ жалынымен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізген кезде қауіпсіздік техникасы қағидалары» ҚР ҚН 1.03-12-2011.
 - «Жылыту, желдету және ауаны кондиционерлеу» ҚР ҚН 4.02-02-2011.
 - «Табиғи және жасанды жарықпен жабдықтау» ҚР ҚН 4.02-02-2011
 - МемСТ 4.85-83 Өнім сапасы көрсеткіштерінің жүйесі. Қышқылға төзімді қыш бұйымдар. Көрсеткіштер номенклатурасы.
 - МемСТ 12.0.004-90 Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Еңбек қауіпсіздігі

оқуларын ұйымдастыру. Жалпы ережелер.

- МемСТ 12.1.003-83* Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Шу. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

- МемСТ 12.1.005-88 Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Жұмыс аймағының ауасына қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар.

- МемСТ 12.2.013.3-2002 Қолмен жұмыс істейтін электрлі машиналар. Жеке қауіпсіздік талаптары және жұмыс құралын айналмалы қозғалтатын ажарлағыш, дискілі ажарлағыш және жылтырлатқыш машиналарды сынау әдістері.

- МемСТ 12.3.002-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Өндірістік процестер. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

- МемСТ 12.3.009-76 Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Тиеу-түсіру жұмыстары. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

- МемСТ 12.3.016-87 Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Құрылыс. Тоттанудан сақтау жұмыстары. Қауіпсіздік талаптары.

- МемСТ 12.2.003-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Өндірістік жабдықтар. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

- МемСТ 12.2.007.1-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Айналмалы электрлі машиналар. Қауіпсіздік талаптары.

- МемСТ 12.2.009-99 Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Металл өңдеу білдектері. Жалпы қауіпсіздік талаптары және сынау әдістері.

- МемСТ 12.2.013-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Қолмен жұмыс істейтін электрлі машиналар. Жалпы қауіпсіздік талаптары және сынау әдістері.

- МемСТ 12.2.013-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Қолмен жұмыс істейтін электрлі машиналар. Нақты қауіпсіздік талаптары және бұрғылау машиналарын сынау әдістері.

- МемСТ 12.2.013-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Қолмен жұмыс істейтін электрлі машиналар. Нақты қауіпсіздік талаптары және балғалар мен перфораторларды сынау әдістері.

- МемСТ 12.3.005-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Бояу жұмыстары. Жалпы қауіпсіздіктің талаптары.

- МемСТ 12.4.059-89 Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Құрылыс. Сақтандырғыш инвентарлық қоршаулар. Жалпы техникалық шарттар.

- МемСТ 12.4.089-86 Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Құрылыс. Сақтандырғыш белбеулер. Жалпы техникалық шарттар.

- МемСТ 12.4.087-84 Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Құрылыс. Құрылыс каскасы. Техникалық шарттар.

- МемСТ 19903-74 Ыстықтай жәміштелген табақты илем. Сұрыптама.

- МемСТ 19903-74 Ыстықтай жәміштелген табак.

- МемСТ 16523 -97 Көміртекті болаттан жасалған жұқа табақты илем. Жалпыға арналған сапалы және кәдімгі сапалы. Техникалық шарттар.

- МемСТ 19904-90 (СТ СЭВ 1968-79) Суықтай жәміштелген табақты илем. Сұрыптама.

- МемСТ 14918-80 Үздіксіз желіден жұқа табақты мырышпен қапталған болат.

МОНТАЖДАУ

Техникалық шарттар.

- МемСТ 503-81 Төмен көміртекті болаттан суықтай жәміштелген таспа.

Техникалық шарттар.

- МемСТ 380-2005 Кәдімгі сапалы көміртекті болат. Маркалары.
- МемСТ 617-2006 Жалпыға арналған дөңгелек қималы мыс және жез құбырлар.

Техникалық шарттар.

- МемСТ 1050-88 Көміртекті конструкциялық болаттан жасалған сортты, калибрленген, арнайы әрленген бет илемі. Жалпы техникалық талаптар.

- МемСТ 1839-80 Құбырлар мен арынсыз құбырларға арналған асбестцемент жалғастырғыштар. Техникалық шарттар.

- МемСТ 2874-82 Ауыз су. Гигиеналық талаптар мен сапасын бақылау.

- МемСТ 30699-2001 Қолмен жұмыс істейтін электрлі машиналар. Жеке қауіпсіздік талаптары және жонғыш машиналар мен жиектерді өңдеуге арналған машиналарды сынау әдістері.

- МемСТ 3262-75 Су-газ өткізгіш болат құбырлар. Техникалық шарттар.

- МемСТ 6942-98 Кәріздік шойын құбырлар және олардың фасон бөлшектері.

Техникалық шарттар.

- МемСТ 8732-78 Жіксіз ыстықтай деформацияланған болат құбырлар. Сұрыптама.

- МемСТ 8734-75 Жіксіз суықтай деформацияланған болат құбырлар. Сұрыптама.

- МемСТ 8944-75 Құбырларға арналған цилиндрлі бұрандамасы бар соғымды шойыннан жасалған байланыстырғыш бөлшектер. Техникалық шарттар.

- МемСТ 8954-75 Құбырларға арналған цилиндрлі бұрандамасы бар соғымды шойыннан жасалған байланыстырғыш бөлшектер. Түзу жалғастырғыштар. Негізгі көлемдері.

- МемСТ 8965-75 $P=1,6$ МПа құбырларына арналған бұрандамасы бар болат байланыстырғыш бөлшектер. Техникалық шарттар.

- МемСТ 8966-75 $P=1,6$ МПа құбырларына арналған бұрандамасы бар болат байланыстырғыш бөлшектер. Түзу жалғастырғыштар. Негізгі көлемдері.

- МемСТ EN 12451-2010 Мыс және мыс қорытпасы. Жылу алмастырғыштарға арналған дөңгелек қималы жіксіз құбырлар.

- МемСТ 15040-77 Оттексіз жезден жасалған құбырлар. Техникалық шарттар.

- МемСТ 15167-93 Санитарлық қыш бұйымдар. Жалпы техникалық талаптар.

- МемСТ 18297-96 Санитар-техникалық шойын эмальдалған аспаптар. Техникалық шарттар.

- МемСТ 22689.0-89 Кәріздік полиэтилен құбырлар және олардың фасон бөлшектері.

Жалпы техникалық талаптар.

- МемСТ 22689.1-89 Кәріздік полиэтилен құбырлар және олардың фасон бөлшектері.

Сұрыптама.

- МемСТ 23695-94 Санитарлық-техникалық болат эмальдалған аспаптар.

Техникалық шарттар.

- МемСТ 24054-80 Машина жасау және аспап жасау бұйымдары. Герметикалықты сынау әдістері. Жалпы талаптар.

- МемСТ 24258 Тас төсеу құралдары. Жалпы техникалық талаптар.

МОНТАЖДАУ

- МемСТ 24258-80 Ғимарат коснструкцияларын уақытша бекіту мен дәлдеудің монтаж жарағы. Жіктелім және жалпы техникалық талаптар.

- МемСТ 25136-82 Құбыржолдарының қосылыстары. Герметикалықты сынау әдістері.

- МемСТ 28117-89 Пластифирленбеген поливинилхлоридтен жасалған құбырлар. Түрлері мен сұрыптамалары.

- МемСТ 29325-92 Пластмассадан жасалған құбырлар. Көлемдерін анықтау.

- ҚР СТ МемСТ Р 52134-2010 Сумен жабдықтау және жылу жүйелеріне арналған термопластыдан жасалған арынды құбырлар мен олардың байланыстырғыш бөлшектері. Жалпы техникалық шарттар.

- МемСТ 25136-82 Құбыржолдарының қосылыстары. Герметикалықты сынау әдістері.

- ҚР ССТ 7.20.01-2005 Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Құрылыс. Тоттануға қарсы жұмыстар. Қауіпсіздік талаптары.

- ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2006 жылғы 8 ақпандағы N 35 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігінің ережесі».

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1355 Қаулысымен бекітілген «Электр қондырғыларын орнату қағидалары».

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1354 Қаулысымен бекітілген «Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары».

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 қарашадағы № 1509 Қаулысымен бекітілген «Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары».

- ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2009 жылғы 21 қазандағы N 245 бұйрығымен 21.10.2009 бастап бекітілген «Жүк көтергіш крандарды орнату және қауіпсіз пайдалану жөніндегі өнеркәсіп қауіпсіздігі талаптары».

- ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2010 жылғы 16 қыркүйектегі N 309 бұйрығымен бекітілген «Өнеркәсіп қауіпсіздігі талаптары. Дәнекерлеушілер мен пісіру өндірісі мамандарын аттестаттау».

Сілтеме – осы Құралды қолдану барысында сілтеме жасалған стандарттар мен классификаторлардың күшін ағымдағы жылға арналған жыл сайын басылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткішінен және сәйкес келетін ай сайын шығып тұратын ағымдағы жылы жарияланған ақпараттық көрсеткіштерден, сонымен қатар «Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізбесінен», тексерген дұрыс. Егер сілтеме жасалған құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативтерді қолдану барысында ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме жасалған құжат өзгертусіз жойылған болса, онда сілтеме жасалған ереженің сілтемеге қатысы жоқ бөлігі қолданылады.

МОНТАЖДАУ

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы құжатта «Нормативтік сілтемелер» тарауына енгізілген нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттардағы терминдер қолданылады.

4 Жалпы ережелер

4.1 Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін монтаждауды

- «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне»;
- ҚР ҚН 1.03-00-2011;
- ҚР ҚН 1.03-14-2011;
- «Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентіне;
- «Өрт қауіпсіздігі ережелеріне»
- жобалау сметалық құжаттамаға;
- дайындаушы зауыттар стандарттары мен нұсқауларына сәйкес жүргізу қажет.

4.2 Сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне монтаждау жұмыстарын жүргізген кезде тапсырысшы келісімшарт негізінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыстарды орындау үшін мердігерді тартады.

4.3 Келісімшарт негізінде қатысушылар (заңды тұлғалар) өздерінің өкімдік құжаттарымен (бұйрықтарымен) құрылысқа жауапты дербес жауапты лауазымды тұлғаларды:

- тапсырысшы- тапсырысшының техникалық қадағалау жауапты өкілін;
- мердігер – жұмыс өндіруші жауаптыны;
- жобалау құжаттамасын дайындауды жүзеге асырған тұлға (жобалаушы) – авторлық қадағалау жүргізілген жағдайда авторлық қадағалаудың жауапты өкілін тағайындайды.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес аталған лауазымды тұлғалардың тиісті рұқсаты болуы тиіс. Мұндай жағдайда осы ұйым бөлімшесінің немесе лауазымды тұлғасының жұмыс өндіруші жауапты мен техникалық қадағалау жауапты өкілінің міндеттерін біріктіруіне жол берілмейді.

4.4 Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін монтаждау кезінде тапсырысшы монтаждау ұйымына қажетті қрылыс сызбаларын береді.

Монтаждау ұйымына берілетін жабдықтар мен жүйелерді монтаждаудың жұмыс сызбаларында тапсырысшының оларды жұмыс өндіруге қабылдағаны туралы белгісі болуы тиіс.

4.5 Ішкі сумен жабдықтау жүйесінің монтаждау-жинақтау жұмыстарын жүргізу үшін келесі минимумның болуымен қамтамасыз етіледі:

- ғимараттың тиісті конструктивтік элементтерінің дайындығымен;
- ғимарат құрылысының жалпы технологиялық бірізділігіне сәйкес алдыңғы жұмыс процестерінің аяқталуымен;
- жұмыс орындарының дайындығымен.

4.6 Сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерін монтаждауды бастағанға дейін келесі

жұмыстар орындалуы тиіс:

- қабатаралық аражабындарды, қабырғалар мен арақабырғаларды монтаждау;
 - іргетастарды немесе алаңшаларды құру;
 - гидрооқшаулағышты құру;
 - сумен жабдықтау кірмелерін салу;
 - еден астын дайындау (барлық үй-жай қабырғаларына таза еденге қосымша 500 мм жобалау белгілеріне дәл келетін көмекші белгілерді салып);
 - еденасты каналдары мен техникалық еденастына салынатын құбыржолдарының астына тіректерді орнату;
 - жұмыс құжаттамасына сәйкес құрылыс конструкцияларына бекіткіш бөлшектерді орнату;
 - іргетастарда, қабырғаларда, арақабырғаларда, аражабындарда және жабындарда саңылау, борозда, қуыс және ұя дайындау;
 - қабырғалар мен аражабындарда монтаждау ойықтарын жасау;
 - қабырғаларды, қуыстарды, бороздалар мен төбелерді сылау;
 - жасанды жарықтандыруды және электрқұралдар мен электрпісіру аппараттарын қосу
- мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- терезе ойықтарын шынылау, кіретін жерлердегі тесіктер мен сыртқы қабырғалардағы саңылауларды бітеу (сыртқы ауа температурасы нөлден төмен болғанда);
 - 1,5 метрлік биіктікте істелетін жұмыстар үшін ағаштар, төсеме тақталар, тақтайлар салу.

4.6 Егер басқа көлемдер жобада қарастырылмаса, ғимараттың аражабындарына, қабырғалары мен арақабырғаларына құбырларды салу үшін саңылаулар мен бороздалар көлемі А-қосымшасына сәйкес қабылданады.

4.7 Жалпықұрылыс, санитарлық-техникалық және басқа да арнайы жұмыстарды мынадай ретте орындау қажет:

- еден астын дайындау, қабырғалар мен төбелерді сылақтау, басқыштарды орнату үшін шамшырақтарды құру;
- қабырғаларды тегістеу, таза еден салу;
- бекіту құралдарын, құбыржолдарын салу және оларды гидростатикалық және манометрикалық сынақтан өткізу;
- ванналарды, қолжуғыштың астына кронштейндер мен жуып-шайғыш бактың бекіту бөлшектерін орнату;
- қабырғалар мен төбелерді бірінші рет бояу, плиткалармен қаптау;
- қолжуғышты, унитазды және жуып-шайғыш бакты орнату;
- қабырғалар мен төбелерді екінші рет бояу;
- су тартатын арматураны орнату.

4.8 Техникалық және шатырдағы жайлар бойынша:

- аражабындар мен шатырды монтаждау;
- кеңейтілмелі бактар, суға арналған бактар және басқа санитарлық-техникалық жабдықтар астына негіз орнату.

4.9 Сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерін монтаждау жұмыстары үш кезеңге

МОНТАЖДАУ

бөлінеді:

I кезең – кәріздік шығарылымдарды, суқұбыры кірмелерін салу және оларды сынау;

II кезең – суық және ыстық сумен жабдықтау құбыржолдарын, өртке қарсы суқұбырларын, кәріз, суағар құбыржолдарын жинақтау және оларды сынау.

III кезең – санитарлық-техникалық аспаптарды орнату және оларды сынап көру.

4.10 I кезең жұмыстары салынып жатқан ғимараттың астыңғы жайларында немесе қосалқы мақсаттағы арнайы ғимаратта және құрылыстың ашық алаңында жүргізіледі.

II және III кезең жұмыстарын салынып жатқан ғимарат қабаттарында жүргізеді және олардың орындалу тәртібін негізгі құрылыс-монтаж жұмыстарымен байланыстырады.

4.11 Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін монтаждау және бір-бірімен байланысты жалпы құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде бұрын орындалған жұмыстарда ақау болмауы керек.

4.12 Қайта құрылымдау және жөндеу кезінде жұмыс жүргізу орындарын дайындау үшін бұрын орнатылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін бөлшектеу жөнінде қосымша іс-шара жұмыстарын ұйымдастыруға дайындық жүргізілуі тиіс.

5 Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін монтаждау кезінде қолданылатын материалдар мен бұйымның қосылыс түрлері

5.1 Болат құбырлар мен байланыстырғыш бөлшектер

5.1.1 Мырышпен қапталмаған және мырышпен қапталған, қима немесе бүрленген цилиндрлі бұрандалы және бұрандасы болат құбырлар МемСТ 3262 техникалық шарттарына сәйкес келуі тиіс.

Пісірілген құбырлар бұранданы кескенге дейін гидравликалық қысымға шыдауы керек:

- 2,4 МПа – кәдімгі және жеңіл;
- 3,1 МПа – күшейтілген;
- 4,9 МПа– тапсырысшының талабы бойынша.

5.1.2 Пісіруге жататын құбыр ұштарынан құбырдың шет жағына қарай 350-ден 400-ге дейін бұрышпен қабырға қалыңдығы 5 мм және одан да көп болатын қиық жиек алынуы тиіс. Сондай-ақ ені 1 миллиметрден 3 миллиметрге дейін дөңбек шығыршық қалдыру қажет.

Құбырдың 1 м ұзындығына қисықтық мына мөлшерден аспауы керек:

- 2 мм – диаметрі 20 миллиметрге дейін жететін құбырлар үшін;
- 1,5 мм – диаметрі 20 миллиметрден асатын құбырлар үшін.

5.1.3 Құбыр беттерінде сызаттардың, үлдірлердің, ісіну мен орамалардың, ал құбырдың шет жақтарында қатпарлардың болуына жол берілмейді. Болат құбырлардың диаметрінен, қабырға қалыңдығынан және массасынан ауытқулар МемСТ 3262 бойынша белгіленген мәнінен аспауы тиіс.

5.1.4 Мырышпен қапталған құбырлардың беті толығымен кемінде 30 мкм болатын мырышпен тұтас қапталуы тиіс.

Шет жақтарында және бұрандамасында мырыш қаптамасы жоқ құбырларды

монтаждауға рұқсат етіледі. Егер мырышпен қапталған құбырлардың бетінде көпіршік, бөтен қосындылар (гартмырыш, тотықтар, пісіп қалған шихта), қаптама негізгі металдан қабыршақтанып алынған болса, онда мұндай құбырларды монтаждауға рұқсат етілмейді.

5.1.5 Құбырлар жинақталуы мүмкін:

- МемСТ 8944, МемСТ 8954, МемСТ 8955, ГРСТ 8956, МемСТ 8948 бойынша цилиндрлі құбырлық бұрандасы бар соғымды шойыннан жасалған байланыстырғыш бөлшектер (түзу қысқа және ұзын муфталар, түзу үштармақтар, түзу айқаспалар, түзу бұрыштықтар) ;

- МемСТ 8968, МемСТ 8966, МемСТ 8967, МемСТ 8969 бойынша цилиндрлі құбырлық бұрандасы бар байланыстырғыш болат бөлшектер (кідіртпе сомындар, түзу муфталар, ниппельдер, жалғастырғыштар);

- МемСТ 17374, МемСТ 17380, МемСТ 17375, МемСТ 17378, МемСТ 17376, МемСТ 17377 сәйкес пісірілетін құбыржолдарына арналған көміртекті болаттан жасалған байланыстырғыш бөлшектер мен детальдар (бұрғыштар, үштармақтар, ершіктер, өтпелер, бекіткіштер).

Болат құбырлардағы бұранда параметрлері олардың түрлеріне МемСТ 3262 сәйкес болуы тиіс.

5.1.6 Сумен жабдықтау жүйелерінде екі негізгі түрдегі дөңгелек ернемектер қолданылады: болат жалпақ пісірілетін және болат жапсарлы пісірілген.

5.1.7 Ернемектерді байланыстырғыш шығыңқы және шығыңқысыз дайындайды. Байланыстырғыш шығыңқы ернемектердің тығыздауыш жырашығы болады. Жапсарлы пісірілген ернемектерді бір жікпен пісіргендіктен, соны қолданған жөн.

5.1.8 Ернемектің арасына қалыңдығы 1-1,5 мм болатын парониттен жасалған немесе тасымалдау ортасына байланысты басқа материалдан жасалған аралық салынады.

5.1.9 Ру 0,6 МПа (6 кгс/см²) дейін және пісіріге арналған жабдық болмаған жағдайда жөндеу жұмыстарында жиектелген құбырға кигізілетін жалпақ бос ернемек қолданылады.

5.1.10 Пісірме жіктерді Э42 және Э42А электродтарымен орындау қажет.

5.1.11 Ернемектерді жолақты илектен майыстыру әдісімен кейін жікті пісіру арқылы дайындауға болады.

5.1.12 Ернемек беттерінде ойық, сызат, қылау және тағы басқа ақаулар болмауы тиіс.

5.1.13 Жапсарлы пісірілген ернемек мен құбырдың ішкі диаметрі жік тұсында дәл келуі тиіс. Ішкі диаметрі сәйкес келмеген жағдайда 10° бұрыштан аспайтын бір қалыппен ауыстырылу жүргізіледі.

5.2 Мыс құбырлар мен байланыстырғыш бөлшектер

5.2.1 МемСТ 2874 талаптарына жауап беретін көрсеткіштері бар суды пайдаланатын ішкі сукұбырларын салу үшін, сондай-ақ пайдалану мерзімі кемінде 50 жылды құрайтын ғимараттарда мыс құбырларды пайдаланады. Жоғары дәрежелі таза мыстан жасалған және фосформен қышқылданған мыс құбырлар МемСТ 617, МемСТ EN 12451 және МемСТ 15040 сәйкес келуі тиіс.

5.2.2 Мыс құбырларда мына кемшіліктер болған жағдайда, монтаждауға рұқсат

МОНТАЖДАУ

етілмейді:

- сыртқы беті майысқан және сынған, бұралған және жаншылған, өзге механикалық зақымданулар,

- ішкі бетінде бөгде қосындылар;

- қабырға қалыңдығында және сыртқы диаметрлерінде МемСТ EN 12451 және МемСТ 15040 талаптары шеңберінен шығатын ауытқулар.

5.2.3 Мыс құбырлардан жасалған құбыржолдарында бұрылыстар мен тармақтарды құру үшін тиісті мыс байланыстырғыш бөлшектерді пайдалану қажет. Тиісті негіздеме болған жағдайда қоладан, жезден, тоттанбайтын болаттан және термотөзімді пластмассадан жасалған байланыстырғыш бөлшектерді пайдалануға рұқсат етіледі.

Мыс құбырларды алюминийден және оның қорытпаларынан жасалған қыздыру аспаптарымен жалғау үшін тоттанбайтын болаттан немесе қоладан жасалған бұрандалы ауыспалы бөлшектерді пайдалануға рұқсат етіледі.

5.3 Термопластыдан жасалған арынды құбырлар мен байланыстырғыш бөлшектер

5.3.1 Сумен жабдықтау жүйелеріне арналған термопластыдан жасалған арынды құбырлар мен олардың байланыстырғыш бөлшектеріне мына құбырлар жатады:

- металлполимер;

- полипропилен;

- тігілген полиэтилен;

- поливинилхлорид;

- полибутен;

- ҚР ҚТ МемСТ 52134 талаптарына сәйкес орындалған акрилнитрилбутадиенстирол.

5.3.2 Сумен жабдықтау жүйелеріне арналған термопластыдан жасалған арынды құбырлар мен олардың байланыстырғыш бөлшектері МемСТ ИСО 161-1, МемСТ ИСО 11922, МемСТ 18599, МемСТ 24157, МемСТ 27077, МемСТ 27078, МемСТ 28117, МемСТ 29325, МемСТ 24157, МемСТ ИСО 4065 талаптарына сәйкес дайындалады және жұмыс қысымы 1 Мпа-ға дейін және судың температурасы 750С дейін ішкі сумен жабдықтау жүйесін құруға арналған және суық сумен жабдықтау қызметінің есептік мерзімі кемінде 50 жыл, ал судың температурасы 750С-тан аспайтын ыстық сумен жабдықтаудың есептік мерзімі 25 жыл алынғанда пайданылады.

5.3.3 Құбырдың беті түзу және тегіс болуы керек. Мөлшерлеуден қалған азғана іздер мен шашындыларға, сондай-ақ 0,5 миллиметрден аспайтын ойықтарға рұқсат етіледі.

5.3.4 Құбырларды бумаларда жеткізгенде, буманың ішкі диаметрі құбырдың сыртқы диаметрі кемінде 40, ал буманың сыртқы диаметрі 3 метрден аспауы тиіс.

5.3.5 Құбырларды 30° С аспайтын температурада бумаға орайды.

5.3.6 Құбырлар партиясы олардың сапасын растайтын, сондай-ақ дайындаушы-зауыттың атауы және басқа мәліметтері бар құжатпен қамтамасыз етіледі.

5.4 Кәріздік құбырлар мен олардың фасон бөлшектері

5.4.1 Кәріз жүйесінде қолданылатын құбыр түрлері:

- шойын;
- қыш;
- асбестцементті;
- болат тұтас тартылған және электрпісірме;
- полимер (пластмасса).

5.4.2 Ғимараттың ішкі кәріз жүйесі мен суағарына арналған шойын құбырлар мен олардың фасон бөлшектерін МемСТ 6942.0 бойынша сұр шойыннан дайындайды. Олардың сыртқы және ішкі беттерін мұнай битумымен жабады. Бұл жабын тегіс, берік, тұтас, жабысқақ емес, суда ерімейтін және 60° С-тан төмен температурада жұмсармайтын болуы керек.

5.4.2.1 Шойын кәріздік құбырлар мен олардың фасон бөлшектері екі класқа бөлінеді. А класына тоттанудан сақтайтын жабынды жаққанға дейін 0,1 МПа (1 кгс/см²) гидравликалық қысымға төзетін құбырлар мен фасон бөлшектер жатады. Оларды әрлеуге көтеріңкі талап қойылатын ғимараттарда кәріз жүйесін және ашық құбыржолдарын құйып бекіту үшін пайдаланады. Б класына тоттанудан сақтайтын жабынды жаққаннан кейін 0,1 МПа (1 кгс/см²) гидравликалық қысымға төзетін құбырлар мен фасон бөлшектер жатады. Оларды массалық құрылыс ғимараттарының кәріз жүйелері үшін пайдаланады.

5.4.2.2 Құбырлар үш шартты өтпемен шығарылады: 50, 100 және 150 мм.

5.4.2.3 Шойын құбырларда сызаттар болмауы тиіс. Құбырлардың беті тегіс және қож қосындылары болмауы тиіс (көлемі жағынан тереңдігі 3 миллиметрден және ені 10 миллиметрден аспайтын ойықтарға рұқсат етіледі). Кең қоныштың ішкі беті мен құбыр ұштары оқшаулағыш жабындар мен басқа заттардың қатпарынан, әсіресе майдан тазартылуы тиіс. Металл қатпары, құмның күйігі, кең қоныш ішкі бөлігінің шығыңқы және үшкірлеу жерлері және басқа ақаулар алынып тасталуы тиіс.

5.4.2.4 Кең қоныштар мен фасон бөлшектері сағасының төрт түрін дайындайды:

- 1- кең қоныш;
- 2 – компенсациялық кең қоныш;
- 3 – кең қоныш ұзартынды;
- 4 – төмен кең қоныш.

5.4.3 МемСТ 286-74 бойынша қыш кәріздік құбырларды өндірістік, тұрмыстық және жауын сарқынды суларының сыртқы арынсыз кәріз жүйелерін құру үшін қолданады.

5.4.3.1 Дайындаушы-зауытта құбырларды 0,15 МПа (1,5 кгс/см²) қысыммен су өткізбейтіндігіне тексереді.

5.4.3.3 Құбырлар сыртқы және ішкі жағынан химиялық төзімді глазурь жағылып, күйдірілуі тиіс. Әр құбыр кең қонышының сыртқы бетіне дайындаушы-зауыттың тауар белгісі жазылуы тиіс.

5.4.4 Арынсыз құбыржолдары үшін асбестцементті құбырларды МемСТ 1839-80 бойынша дайындайды.

5.4.4.1 Дайындаушы-зауытта арынсыз асбестцементті құбырларды диаметріне қарамастан кемінде 0,4 МПа (4 кгс/см²) қысымға гидравликалық сынақтан өткізеді.

МОНТАЖДАУ

5.4.4.2 Арынсыз асбестцементті құбырларды қосу үшін цилиндрлі жалғастырғыштарды қолданады. Құбырдың сыртқы беті мен жалғастырғыштың ішкі бетінің арасындағы сақиналы кеңістікті зығыр шашпен және цемент қоспасымен немесе битумды қоюжақпамен бітейді.

5.4.4.3 Асбестцементті құбырды шойын құбырлар мен арматураға жалғау қосу үшін кең қонышы бар шойын келте құбырды қолданады.

5.4.5 Ішкі кәріз жүйесіне арналған кәріздік пластмасса құбырлар мен олардың фасон бөлшектерін МемСТ 22689.0—77 — МемСТ 22689.20—77 бойынша тығыздығы жоғары полиэтиленнен (ТЖП), тығыздығы төмен полиэтиленнен (ТТП), полипропиленнен (ПП) және пластифирленбеген поливинилхлоридтен (ПВХ) дайындайды.

5.4.5.1 Тығыздығы жоғары полиэтиленнен (ТЖП) және тығыздығы төмен полиэтиленнен (ТТП) жасалған құбырлар үшін тұрақты ағынның максимал температурасы 60° С, полипропиленнен (ПП) - 70° С, пластифирленбеген поливинилхлоридтен (ПВХ) 50° С.

5.4.5.2 Құбырларды резеңке тығыздауыш сақиналардың көмегімен, желімдеу, салмалы сомын және резеңке төсем, сондай-ақ пісіру арқылы қосады.

5.4.5.3 Кең қоныштар мен фасон бөлшектердің тегіс ұштарының төрт түрін дайындайды (МемСТ 22689.2—77):

I - ПВХ, ТЖП және ПП-дан жасалған бұйымдарды резеңке тығыздауыш сақиналардың көмегімен немесе желімдеу арқылы (тек ПВХ) қосу үшін;

II - ТЖП, ТТП және ПП-дан жасалған бұйымдарды түйіспелі кең қонышты – жапсарлы пісіру арқылы қосу үшін;

III – ТЖП, ТТП және ПП-дан жасалған бұйымдарды салмалы сомын және резеңке төсем арқылы қосу үшін;

IV – ТЖП, ТТП және ПП-дан жасалған бұйымдарды электршиыршық салынған жалғастырғыш немесе түйіспелі жапсарлы пісіру арқылы (тек ТЖП) қосу үшін.

5.4.5.4 МемСТ 22689.3—77 бойынша құбырларды түзу кесінді, ал тұтынушының талабы бойынша кең қоныштармен және қосылыс үшін тегіс ұштары дайындалған, сондай-ақ тораптардың, қабат сайын тік құбырлардың және ажыратқыштардың фасон бөлшектерімен қосылған түрінде дайындайды.

5.4.5.5 ПВХ-дан жасалған құбырлардың кең қоныштарын қалыптайды, ал ТЖП, ТТП және ПП-дан құбырларға келтеқұбырларды МемСТ 22689.4 бойынша немесе жалғастырғыштарды МемСТ 22689.13 бойынша пісіру арқылы алады.

5.4.5.6 Кең қоныштар мен тегіс ұштар МемСТ 22689.2 сәйкес болуы тиіс. I түр бойынша резеңке тығыздауыш сақиналардың көмегімен 22689.19 бойынша қосылатын құбырлардың тегіс ұштарына монтаж белгілері салынады.

5.5 Болат құбырлардан жасалған құбыржолдар қосылыстарының түрлері мен тәсілдері

5.5.1 Болат құбырлардан тораптар мен құбыржолдарының бөлшектерін дайындауды техникалық шарттар мен стандарттарға сәйкес жүргізу қажет.

5.5.2 Болат құбырларды, сондай-ақ олардан жасалған бөлшектер мен тораптарды

қосуды пісіру, бұранда, салмалы сомын және ернемек (арматураға және жабдықтарға) арқылы, баспақ-қосылыстарда (баспақ-фитингі және құбырмен баспақ-фитингінің кең қонышы тереңдігіне жабылу арасында металдың суық механикалық деформация есебінен) орындау қажет.

Мырышпен қапталған құбырлар, тораптар мен бөлшектер бұрандамен мырышпен қапталған байланыстырғыш бөлшектерді немесе мырышпен қапталмаған соғымды шойынды қолданып, салмалы сомынмен, ернемекпен (арматураға және жабдықтарға), баспақ-фитингімен немесе ойықты қосылыстары бар құбыржолдары жүйелерінде пайдалануға арналған фитингімен қосылуы тиіс.

5.5.3 Болат құбырлардың бұрандалы қосылыстары үшін МемСТ 6357 (дәлдік класы В) бойынша жеңіл құбырларды бүрлеу және кәдімгі және күшейтілген құбырларды кесу арқылы орындалатын цилиндрлі құбырлы бұранданы қолдану қажет.

Құбырларда бұранданы бүрлеу әдісімен жасағанда бұранданың ұзындығы бойына оның ішкі диаметрін 10 % дейін кішірейтуге рұқсат етіледі.

5.5.4 Суық және ыстық сумен жабдықтау жүйелерінде құбыржолдар бұрылыстарын МемСТ 8946 бойынша бұрыштықтарды, қайтарғыштарды орнату немесе құбырларды ию арқылы орындау қажет. Мырышпен қапталған құбырларды тек суық күйінде ғана ию қажет.

Диаметрі 100 мм және одан көп құбырлар үшін иілгіш және пісірме қайтарғыштарды қолдануға рұқсат етіледі.

Пісірмен құбырларды иген кезде пісірме жікті құбыр дайындамасының сыртқы жағына орналастыру қажет және де жік жазықтығы ию жазықтығына кемінде 45° бұрышпен келуі тиіс.

5.5.5 Ернемектер құбырмен пісіру арқылы қосылады.

Құбырға пісірілген ернемек перпендикулярлығынан ауытқу құбыр осіне қарағанда ернемектің сыртқы диаметрінің 1 %-на дейін рұқсат етіледі, бірақ 2 миллиметрден аспауы тиіс.

5.5.6 Ернемек беттері тегіс және қылаусыз болуы тиіс. Бұрандама бастарын қосылыстың бір жағына орналастыру қажет.

5.5.7 Құбыржолдарының тік учаскелерінде сомындарды төменгі жақта орналастыру қажет.

5.5.8 Бұрандама ұштары, әдетте, сомыннан бұрандаманың 0,5 диаметрінен немесе бұранданың 3 қадамынан артық шықпауы тиіс.

5.5.9 Құбыр ұштары, құбырға ернемекті пісіру жігін қоса алғанда ернемек айнасынан шықпауы тиіс.

5.5.10 Ернемек қосылыстарындағы төсемдер бұрандама саңылауларын жаппауы тиіс. Ернемек арасына бірнеше немесе қисайған төсемдерді салуға жол берілмейді.

5.5.11 Жинақталған тораптардың сызықтық көлемдерінен 1 м ұзындыққа ± 3 миллиметрден аспауы тиіс және әр келесі метрге ± 1 мм.

МОНТАЖДАУ

5.6 Полимер құбырлардан жасалған құбыржолдар қосылыстарының түрлері мен тәсілдері

5.6.1 Ішкі құбыржолдарына арналған арынды құбырлар полимер материалдың түріне байланысты қосылуы тиіс:

- пісіру кең қонышқа (полиэтилен, полипропилен, полибутен және т.б.);
- желіммен кең қонышқа (поливинилхлорид, шыныпластик, базальтпластик және т.б.);
- механикалық түрде ажырама және ажырама емес байланыстырғыш бөлшектердің көмегімен (металлполимер, «тігілген» полиэтилен және т.б.).

5.6.2 Полимер құбырларды пісіру, желімдеу, кең қоныш, ернемек, салмалы сомын арқылы қосады. Қосылыс түрін таңдау құбыр материалына, жұмыс және құбыржолдарын салу жағдайына байланысты және монтаждау кезінде толығымен жобалау құжаттамасына және ҚР ҚТ МемСТ Р 52134 ҚР ҚТ 4.01-05-2002 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.6.3 Арынды құбырлардан жасалған сукұбырларына арналған бекітпе – бұл күш түсетін элементтер болып табылатын тіректер мен аспалар. Көлденең және тік сукұбырларын ғимараттың құрылыс конструкцияларына бекіту тиісті бекітпе мен бекіткіш бөлшектердің, консольдердің, кронштейндердің көмегімен жүргізіледі.

5.6.4 Құбыржолдарының тура сызықты учаскелеріндегі полимер құбырлардың сызықтық кеңеюінің жоғары коэффициентіне байланысты орнықтырғыш қамыттардың арнайы конструкциясы бар компенсаторларды қолдану қажет (мұндай жағдайда тірек конструкциялар құбыржолдарының еркін жылжуын қамтамасыз етуі тиіс);

5.6.5 Полимер құбырлардың механикалық зақымдануға бейімдігінен және олардың кесілуге жоғары сезімталдығынан қамыттар жалпақ және төсемі болуы тиіс немесе шеті дөңгелетілген және ішкі беті тегіс болуы тиіс (құбырлармен түйісетін конструкциялар, мысалы, тұтас төсектің қылаусыз және өткір жиексіз тегіс беті болуы тиіс);

5.6.6 Қозғалмайтын тірек қамыттарында полимер құбырларды қатты бекітуге рұқсат етілмейді (қабырғаларды қатты жергілікті қысу арқылы).

5.6.7 Көлденең сукұбырларын бекіту үшін метрикалық бұрамасы бар дөңгелек болаттан жасалған болат қапсырмалар пайданылады, олар құбырды құрсаулап, ғимараттың құрылыс элементтеріне орнатылатын бұрыштық болаттан жасалған сыңылауға салынады, содан кейін сомынмен мықтап орнықтылады.

5.7 Мыс құбырлардан жасалған құбыржолдар қосылыстарының түрлері мен тәсілдері

5.7.1 Мыс құбыржолдарында тармақтарды орнату және арматураға қосу үшін мыс байланыстырғыш бөлшектер пайданылады.

Құбыржолдарын салғанда мыс құбырларды өзара және байланыстырғыш бөлшектермен жинақтау дәнекер, бұрама, баспақ, пісірме және жалғастырғыш қосылыстарды пайдаланып жүргізуге болады.

5.7.2 Жұмыстар жоғары температуралы немесе төмен температуралы дәнекерлеуді және механикалық қосылғыштарды пайдалану арқылы жүргізіледі (қыспа қосылыстар –

баспақ не болмаса компрессиялық).

5.7.3 Жоғары температуралы дәнекерлеу кезінде дәнекер капилляр тартылыс әсерімен жинақталатын элементтердің түйіспелі бөлшектерінің арасындағы саңылауды толтырады. Жұмыс температурасын 450 °С-тан 750 °С шегінде ұстаған жөн.

5.8 Кәріздік жүйелер қосылыстарының түрлері мен тәсілдері

5.8.1 Кәріздік шойын құбырлардың жапсарлары МемСТ 30055 бойынша майланған кендір арқанмен немесе майланған таспалы талшықпен, кейін МемСТ 127.4 бойынша балқытылған кесек немесе үгілген күкіртті МемСТ 19608 бойынша байытылған каолин қосып құйып немесе гипсглиноземді кеңейтілген цементті МемСТ 11052 бойынша, немесе жапсарды жұмыс құжаттамасында көрсетілген басқа тығыздауыш және толтырғыш материалдармен тығыздалуы тиіс.

5.8.2 Ішкі кәріз жүйелері үшін полимер материалдардан жасалған құбыржолдарын кең қонышты қосылыстардың көмегімен тығыздауыш сақиналарды пайдаланып, ал поливинилхлоридтен жасалған құбырлар үшін –желіммен де қосады.

5.8.3 Ернемек қосылыстар құбыржолдарының шойын немесе болат құбырларға ауысатын жерлерінде немесе жабдыққа қосылу үшін пайдаланылады.

5.8.4 Бұрғыш құбыржолдарын тік құбырмен қосуды тығыздауыш сақинасы бар кең қонышта жүргізу қажет. Тегіс құбырларды өзара қосқанда екі кең қонышты жалғастырғышты пайдалануға болады және де жалғастырғыштарды тіректерге бекіту қажет.

5.8.5 Шойын бөлшектердің тегіс ұштарын (басқыш шығарымларын, суағар құйғыштарын және т.т.) полимер материалдардан жасалған құбырлармен тығыздауыш сақиналары немесе манжеттері бар байланыстырғыш кең қонышты келте құбырлармен қосу қажет.

5.8.6 Полимер материалдардан жасалған кәріздік құбырлардың тегіс ұштарын сдиаметрі сондай шойын кәріздік құбырдың кең қонышымен қосуды арнайы тығыздауыш сақиналарды немесе манжеттерді қолданып жүргізу қажет.

5.9 Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жабдықтарын жинақтау және дайындау

5.9.1 Тиеу және түсіру жұмыстарын сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің құбырларын, дайындамалары мен жабдықтарын қабылдау кезінде МемСТ 12.3.002, МемСТ 12.3.009, ҚР ҚТ 1.03-14 «Жүк көтергіш крандарды орнату және қауіпсіз пайдалану жөніндегі өнеркәсіп қауіпсіздігі талаптарына» сәйкес орындалуы тиіс.

5.9.2 Жеткізілетін жабдықтар мен бөлшектерді қабылдау жобалау-сметалық құжаттамаға, жеткізілетін материалдардың спецификациясына сәйкес жүзеге асырылады.

5.9.3 Сумен жабдықтау және су бұру жүйелері үшін құбырдан жасалған тораптар мен бөлшектер объектілерге контейнерде немесе пакеттерде тасымалдануы қажет және олардың ілеспе құжаттамасы болуы тиіс.

Бұйым дайындаудың қолданыстағы стандарттарына және техникалық шарттарына

МОНТАЖДАУ

сәйкес әр контейнерге немесе пакетке буылған тораптың маркасы көрсетілген тақташа бекітілуі тиіс.

5.9.4 Бөлшектер мен тораптарға орнатылмаған арматура, автоматика аспаптары, бақылау-өлшеу аспаптары, байланыстырғыш бөлшектер, бекіткіш құралдар, төсемдер, бұрандамалар, сомындар, тығырықтар және т.т. бөлек оралуы тиіс және де контейнердің маркалауында осы бұйымдардың белгілері немесе атауы көрсетілуі тиіс.

Қабылданатын жабдықтар мен бөлшектер нормативтік құжат талаптарына (МемСТ-ларға, техникалық шарттарға және Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат беретін сертификаттарға) сәйкес болуы тиіс.

5.9.5 Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің құбырларын, дайындамалары мен жабдықтарын қоймалау аймағы құрылыс аумағында қоршаулы және жұмыс істейтін жүк көтергіш кранның аймағында болуы тиіс.

Қоймалау алаңы жоспарлануы тиіс, су ағыны үшін, ал қыс уақытында қардан және мұздан тазарту үшін еңісі болуы тиіс.

6 Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру және орындау

6.1 Монтаждау-жинақтау жұмыстарын ұйымдастыру

6.1.1 Монтаждау-жинақтау жұмыстарын ұйымдастыру:

- монтаж жүзеге асатын өндірістік жайлар мен алаңшаларында қауіпсіздікті ұйымдастыруды;
- жұмыс істеп тұрған өндіріс жағдайында жұмыстарды орындау қауіпсіздігін ұйымдастыруды;
- өндірістік процеске қатысуға рұқсат берілген персонал қауіпсіздігін ұйымдастыруды;
- қауіпсіздікті ұйымдастырудың орындалуын бақылауды;
- монтаждау-жинақтау жұмыстарын орындау барысында жобалау құжаттамасында пайда болған ауытқулар мен өзгерістерге келісім алуды қамтиды.

6.1.2 Монтаж жүзеге асатын өндірістік жайлар мен алаңшаларында қауіпсіздікті ұйымдастыру.

6.1.2.1 Сумен жабдықтау және су бұру ішкі жүйелерін монтаждау кезінде тәуліктің қараңғы уақытында жұмыс орындары мен жұмыс учаскелері ҚР ҚТ 2.04-02 талаптарына сәйкес жарықтандырылуы тиіс.

Жарық біркелкі, жұмыс істеушілерге жарық құрылғыларының көз шағылысатын әсерінсіз болуы тиіс. Жарықтандырылмаған жерлерде жұмыс жүргізуге рұқсат етілмейді.

6.1.2.2 Сумен жабдықтау және су бұру ішкі жүйелерін монтаждау жұмыстарын бастағанға дейін адамдардың жұмыс істеуіне және өтуіне қауіпті жерлерді жұмыс жүргізу жобасына сәйкес: қоршау, жазулар мен көрсеткіштермен жабдықтау, ҚР ҚТ МемСТ Р 12.4.026 бойынша қауіпсіздік белгілерін орнату, ал түнгі уақытта жарық сигналдарымен белгілеу қажет.

6.1.2.3 Жұмыс жүргізу жобаларында адамдарға қауіпті зиянды факторы шамадан тыс

аймақтарды көрсету қажет.

6.1.2.4 Сумен жабдықтау және су бұру ішкі жүйелерін монтаждау кезінде жұмыс жүргізу жобаларында слесарь-монтаждаушы биіктікте жұмыс істегенде ұстануға болатын бекіткіш бөлшектерді орнатуды қарастыру қажет.

6.1.2.5 Материалдарды, жабдықтарды жұмыс орнына әкелу жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін технологиялық реттілікпен жүзеге асырылуы тиіс.

6.1.2.6 Жұмыс орындарында дайындамалар мен жабдықтарды жұмыс орындағанда қауіп тудырмайтын, өтетін жерді тарылтпайтындай және жабдықты ірі блоктармен жинауға мүмкіндік болатын етіп қоймалау қажет.

6.1.2.7 Шоғырлануды болдырмай және аражабынның 1м² рұқсат етілетін жүктемеден аспай аражабындарда жабдықтар мен дайындамалардың дұрыс орналасуын қадағалау қажет.

6.1.3 Жұмыс істеп тұрған өндіріс жағдайында жұмыстың орындалу қауіпсіздігін ұйымдастыру.

6.1.3.1 Ғимарат аумағында сумен жабдықтау және су бұрудың ішкі жүйесін монтаждау бойынша жұмыстарды орындау кезінде санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылау осы объекті үшін белгіленген тәртіпте жүзеге асырылуы тиіс.

6.1.3.2 Жұмыс істеп тұрған ғимаратта жұмыс жүргізу кезінде монтаж ұйымының жетекшілері ғимарат әкімшілігімен бірлесіп монтаждаушылар, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған ғимарат қызметкерлері еңбегінің қауіпсіздігі мен зиянсыздығын толықтай қамтамасыз ететін нақты іс-шараларды әзірлеуге міндетті.

6.1.3.4 Монтаж жұмыстары басталар алдында шебер немесе жұмыс жүргізуші барлық монтаждаушыларды жұмыс істеп тұрған ғимараттағы қауіпсіздік техникасы ережелерімен таныстыруға міндетті.

6.1.3.5 Жұмыс істеп тұрған ғимаратта жұмыс жүргізу кезінде:

- қоршалмаған қозғалғыш механизмдер мен білдектердің, люктар мен саңылаулардың жанында;
- егер электрқондырғылар мен сымдар ажыратылмаған немесе қоршалмаған болса, онда оларға жақын жерде жұмыс істеуге болмайды.

6.1.3.6 Сумен жабдықтау және су бұру ішкі жүйелерін монтаждау кезінде жұмыс істеп тұрған ғимараттың жарылыс қауіпті үй-жайларында:

- ашық отты қолдануға, сондай-ақ жалынның пайда болуына әкеп соғатын түрлі механизмдер мен құралдарды пайдалануға;
- құлағанда жалынның пайда болуына әкеп соғатын металл бөлшектерді, құралдар мен басқа заттарды және материалдарды еденге тастауға;
- металл шегелермен, тағамен және т.б. ұлтандалған аяқкиімде жүруге тыйым салынады.

6.1.4. Өндірістік процеске қатысуға жіберілген персонал қауіпсіздігін ұйымдастыру.

6.1.4.1 Сумен жабдықтау және су бұру ішкі жүйелерін монтаждау жұмыстарына рұқсат алғанға дейін ұйым жетекшілері МмСТ 12.0.004 талаптарына сәйкес жұмыс орнында қауіпсіздік техникасы жөнінде оқытуды және нұсқаулық өткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

6.1.4.2 Электргазпісіру жұмыстарына тиісті оқытуды, нұсқаулықты және жұмыс

МОНТАЖДАУ

қауіпсіздігі ережелеріне білімін тексеруді өткен арнайы журналда ресімделген және ҚР ҚН 1.03-12 талаптарына және «Өндіріс қауіпсіздігі талаптарына. Дәнекерлеушілер мен пісіру өндірісі мамандарын аттестаттау» сәйкес біліктілік куәлігі бар тұлғалар жіберіледі.

6.1.4.3 Қолмен жұмыс стейтін электр машиналары (электрленген құралмен) жұмысына ндірістік оқытудан өткен және ҚР ҚН 1.03-14, МемСТ 12.2.013.3 және МемСТ 30699 талаптарына сәйкес қауіпсіздік техникасы бойынша біліктілік тобы бар тұлғалар жіберіледі.

6.1.4.4 Объектіде жұмысты қауіпсіз жүргізу дұрыс ұйымдастыру жауапкершілігі жұмыс жүргізуші мен шебере жүктеледі.

6.1.4.5 Объектіде жұмысты қауіпсіз жүргізу мақсатында бригадир немесе жұмыс жүргізуге жауапты тұлға:

- ауысым басталмас бұрын өзі жетекшілік ететін бригаданың барлық жұмыс орындарында қауіпсіздік техникасы жағдайын жеке өзі тексеруге және анықталған кемшіліктерді шұғыл түрде жоюға міндетті. Егер кемшіліктерді бригада күшімен жою мүмкін болмаса немесе жұмысшылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төнген жағдайда бригадир ол туралы шеберге немесе жұмыс жүргізушіге хабарлауы және жұмысқа кіріспеуі тиіс;

- тұрақты негізде жұмыс барысында бригада мүшелерін еңбектің қауіпсіз тәсілдеріне оқытуға, олардың дұрыс орындалуын бақылауға, бригада мүшелері арасында еңбек тәртібін қамтамасыз етуге және олар ішкі тәртіпті сақтауға, бригада мүшелері қауіпсіздік техникасы кемшіліктерін шұғыл түрде жоюға;

- кранда жұмыс істегенде бригада мүшелерінің қауіпсіз жұмысын, немесе кранда жұмыс істеушіні, итарқашы мен монтаждаушыны визуалды, радио- өткізгіш байланыспен қамтамасыз етуге;

- жұмыс жүргізу жобасына сәйкес жұмысты ұйымдастыруға;

- бригада мүшелерін жеке қорғаныш құралынсыз, арнайы киімсіз және арнайы аяқкиімсіз жұмысқа жібермеуге;

- жұмыс орындарының тазалығын, қауіпті жерлерді қоршауға және қажетті габаритті сақтауға;

- бригада мүшелері мен бөгде адамдардың қауіпті аймақта болуына жол бермеуге;

- сырқат белгісі бар немесе мас адамдарды жұмысқа жібермеуге, оларды құрылыс аймағынан кетіруге міндетті.

6.1.5 Ұйымның қауіпсіздікті орындауын бақылау

6.1.5 Сумен жабдықтау және су бұру ішкі жүйелерін монтаждағанда қолданылатын жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарын бақылау мен байқауды әкімшілік тағайындаған инженерлік-техникалық қызметкерлердің ішінен жауапты тұлға осы қорғаныш құралдарына арналған нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс, оның ішінде:

- қорғау қоршаулары - МемСТ 12.4.059 сәйкес;

- сақтандырғыш белбеулер - МемСТ 12.4.089;

- қорғаныш каскалары - МемСТ 12.4.087 сәйкес ;

- монтаж жарактары МемСТ 24259 сәйкес;

- тас төсеу құралдары - МемСТ 24258;

6.1.5.2 «Тұтынушылардың электрқондырғыларын техникалық пайдалану ережелеріне», «Тұтынушылардың электрқондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелеріне» және «Электрқондырғылар құрылымы ережелеріне» сәйкес электржабдықтардың жағдайын және оларды қауіпсіз пайдалануын бақылауды құрылыс-монтаж ұйымының әкімшілігі қамтамасыз етуі тиіс.

6.1.6 Монтаж –жинақтау жұмыстарын орындау барысында пайда болатын жобалау құжаттамасындағы ауытқулар мен өзгерістер келісімі

6.1.6.1 Жұмыстарды орындау барысында монтаж ұйымы жіберген және жабдықтың техникалық сипаттамасына, пайдалану сенімділігіне және ұзақ мерзімділігіне әсер етпейтін техникалық құжаттама талаптарынан ауытқулар монтаж ұйымының тапсырысшы өкілдерімен және авторлық қадағалауды жүзеге асыратын жобалау ұйымымен келісіледі.

6.1.6.2 Құжаттаманың сәйкес келмеуінен туындаған техникалық құжаттамадан ауытқулар, оны дайындау кезінде жіберілген жабдық сапасындағы ауытқулар және имараттың құрылыс бөліктерінің жобалау құжаттамасы талаптарына сәйкес келмеуі техникалық шешімдермен ресімделеді. Бұл шешімдерге тапсырысшының, авторлық қадағалауды жүзеге асыратын жобалау ұйымының, монтаж басшысы мен монтаж ұйымының өкілдері қол қояды.

6.1.6.3 Техникалық құжаттамадан ауытқулар мен қабылданған техникалық шешімдер монтаж ұйымының тиісті құжатымен ресімделеді. Бұл құжаттарда жұмыс орындаушы, қаржыландыру көздері, орындалу мерзімі көрсетіледі. Техникалық шешімді орындау қорытындысы актімен ресімделеді.

6.1.6.4 Объектіні пайдалануға қабылдағаннан кейін оларды жүзеге асыру туралы техникалық шешімдері мен актілері қабылдау-тапсыру құжаттама құрамында пайдаланатын ұйымына тапсырылады.

6.2 Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің монтаж-жинақтау жұмыстары

6.2.1 Жалпы ережелер

Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің монтаждаған кезде:
құбырлардың өзара, арматурамен және аспаптармен қосылыс тығыздығын;
жүйе элементтері бекіткіштерінің беріктігін;
төсемнің түзулігін және құбыржолы учаскелерінде сынықтың болмауын;
арматураның, жабдықтың, сақтандырғыш құрылғылар мен бақылау-өлшеу аспаптарының дұрыс жұмыс істеуін;
жүйеден ауаны шығару және суды ағызу мүмкіндігін;
құбыржолының жобалық еңісін сақтауды қамтамасыз ету қажет.

6.3 Ішкі сумен жабдықтау жүйесін монтаждау

6.3.1 Сумен жабдықтау жүйелерін монтаждауды бастағанға дейін жұмыс орнын ұйымдастыруды, қажетті материалдармен, құралдармен, жабдықтармен жиынтауды және еңбек қорғау мен қауіпсіздік техникасы жөнінде нұсқаулық өткізуді қоса алғанда 4-

МОНТАЖДАУ

тарауға сәйкес дайындық жұмыстары жүргізілуі тиіс.

6.3.2 Болат құбырларды пісіруді стандарттармен регаменттелген кез келген тәсілмен жүргізген дұрыс. Пісіру кезінде бұранда беттері мен ернемек айнасының бетібалқытылған металдың шашырандылары мен тамшыларынан қорғалуы тиіс.

6.3.3 Монтаждар алдында құбырларды қоқыстардың жоқтығын тексеру, уақытша ашық қалдырған ұштарын инвентарь тығындармен жабу қажет.

6.3.4 Құбыржолында бөлшектелетін қосылыстарды жергілікті жағдайлар бойынша қажет болатындықтан, арматураға қосылатын жерлерде жасайды.

6.3.5 Құбыржолының барлық бөлшектелетін қосылыстары, сондай-ақ арматура, ревизиялар мен тазартқыштар қызмет көрсетуге мүмкін болатын жерлерде болуы тиіс.

6.3.6 Бөлшектелетін қосылыстарды қабырғалар, арақабырғалар, аражабындар мен ғимараттың басқа құрылыс конструкцияларының қалыңдығына орналстыруға рұқсат етілмейді.

6.3.7 Жасырын салынған құбыржолдары үшін, бөлшектелетін қосылыстар мен арматураға қол жеткізу үшін люктар қарастырылуы тиіс. Қызмет көрсету есептік мерзімі кемінде 40 жыл болатын жылу жүйелерінде, сондай-ақ қызмет ету мерзімі кемінде 20 жыл болатын ғимараттарда құбыржолдарын қаптамасыз құрылыс конструкцияларына құйып салынуы мүмкін.

6.3.8 Полимер құбыржолдар еденге, еденкемерге, штрабтарға, шахталарға, каналдарға немесе экран артына жасырылуы тиіс. Олардың механикалық (термиялық) зақымдану ықтималдылығы аз болғанда және оларға тікелей ультрафиолет сәулесінің әсері мүмкін емес жағдайда ашық түрде салынуы мүмкін.

6.3.9 Полимер материалдан жасалған құбыржолдар қосылыстардың, арматуралар мен ұштары жағындағы учаскелердің орналасқан жерінде тіректерге немесе аспаларға бекітілуі тиіс. Тіректің (аспаның) металл бөлшектері мен полимер құбырлардың арасында сол материалдан немесе жұмсағырақ материалдан жасалған төсем болуы тиіс.

6.3.10 Құбыржолдың тік учаскелерінде бекіткіштер 1 м сайын (диаметрі 32 мм құбырлар үшін) және 1,5 м сайын (диаметрі үлкенірек құбырлар үшін) орналасуы тиіс.

6.3.11 Қозғалғыш бекіткіштер полимер құбыржолының осьтік жылжуын шектемеуі тиіс, ал жылжымайтын бекіткіштер құбырларды тым қатты қыспауы тиіс. Полимер құбырлар аражабындар, ішкі қабырғалар мен арақабырғалардың қиылысатын жерлерінде жанбайтын материалдан жасалған гильзаларда өтуі және олардың еркін осьтік жылжуына мүмкіндік болуы тиіс.

6.3.12 Полимер қолжолдарының бұрылыс бұрыштарында олардың қызған (суыған) кезде жылжу мүмкіндігі үшін бос кеңістік қалуы тиіс. Полимер қолжолдарының түзу учаскелерінде әр 0,5 м сайын қозғалмайтын бекіткіштер болғанда компенсаторлар болмауы мүмкін.

6.3.13 Сумен жабдықтау жүйесінің оқшауланбаған құбыржолдары құрылыс конструкцияларының бетіне жанаспауы тиіс.

6.3.14 Бекіткіш құралдарды құбыржолдың қосылысы жерлеріне орналастыруға болмайды. Құбыржолдарын бекіткіш құралдарға пісіруге рұқсат етілмейді.

6.3.15 Авариялық жөндеу жұмыстары кезінде электрдоғалық немесе газбен пісіру мүмкін болатын үй-жайларда металлполимер құбырлар пайданылмайды.

6.3.16 Қолданыстағы номенклатураға байланысты сумен жабдықтау жүйесі толықтай металлполимер материалдан немесе басқа материалдан (болат, мыс және т.б.) жасалған құбырлармен аралас жасалуы мүмкін.

6.3.17 Қамыт, орнықтырғыш, қапсырмалар көлемі құбыр диаметріне қатаң түрде сәйкес келуі тиіс.

6.3.18 Элеватор торабы бар жүйелерде, қорғауыш (кеңейткіш, сақтандырғыш, асырма, сигналдық) құбыржолдар үшін металлполимер құбырларды қолдануға болмайды.

6.3.19 Үй-жайларда металлполимер құбырларды салмас бұрын барлық электргазпісіру жұмыстары аяқталуы, бекіткіштер орнатылуы тиіс.

6.3.20 Сақталған немесе монтаждауға тасымалданған металлполимер құбырлар бухталары (0°C температурадағы дайындау учаскесі) оларды жазбас бұрын +10°C-тан төмен емес температурада 24 сағат бойы тұруы тиіс.

6.3.21 Бухталарды жазу және құбыржолының металлполимер құбырларын монтаждау барысында құбырдың бұралмауын қадағалау қажет. Металлполимер құбырларды тартпай, құбырға кір мен қоқыс түспеуі үшін бос ұштарын жабысқақ таспамен немесе бітеуішпен жауып салу қажет.

6.3.22 Монтаждау кезінде құбыржолының металлполимер құбырларының жаншылуына және сынуына жол берілмейді.

6.3.23 Тік құбыржолдар тік бағытынан 1 метрге 2 миллиметрден асатын ауытқу болмауы тиіс.

6.3.24 Тұрғын және қоғамдық ғимараттарда болаттан жасалған тік құбырларды бекіту құралдары ғимарат қабатының жарты биіктігіне орнатылады (қабат биіктігі 3 метрден асқанда). Өндірістік ғимараттарда тік құбырларды бекіту құралдарын бір-бірінен 3 метр қашықтықта орнату қажет.

6.3.25 Су тарту арматурасын орнату биіктігін (арматураның көлденең осінен санитарлық аспаптарға дейінгі аралық) былай қабылдау қажет:

- су тарту крандары мен араластырғыштары үшін раковина ернеуінен 250 мм, ал жуғыш ернеуінен – 200 мм;

- туалет крандары мен араластырғыштары үшін.

6.3.26 Таза еден деңгейінен крандарды орнату биіктігін былай қабылдау қажет:

- моншаларда су тарту крандары, унитаздың жуғыш крандары, қоғамдық және емдеу мекемелеріндегі инвентарь жуғыш араластырғыштары, ванна араластырғыштары үшін 800мм;

- қиғаш шығарылымы бар видуар араластырғыштары үшін 800 мм;

- тура шығарылымы бар видуар араластырғыштары үшін 1000 мм;

- емдеу мекемелерінің араластырғыштары мен клеенка жуғыштары, араластырғыштар, ортақ ванналар мен қолжуғыштар, оталық қолжуғыштардың шынтак араластырғыштары үшін 1100 мм;

- қоғамдық ғимараттардағы дәретхана бөлмелерінің едендерін жуу үшін су беруді қамтамасыз ететін крандар үшін 600 мм;

- душ араластырғыштары үшін 1200 мм.

6.3.27 Душе торлары мына биіктікте орнатылуы тиіс::

- тордың төменгі жағынан таза еден деңгейіне дейін өлшенген 2100-ден 2250

МОНТАЖДАУ

миллиметрге дейін;

- мүгедектерге арналған кабиналарда 1700-ден 1850 миллиметрге дейін;

-балалар мектепалды мекемелерде, табандық түбінен өлшенген 1500 мм.

Осы тармақта көрсетілген көлемдерден ауытқу 20 миллиметрден аспауы тиіс.

Ескерту – кранға арналған саңылауы бар, арқалы раковиналар үшін, сондай-ақ үстел арматурасы бар жуғыштар мен қолжуғыштар үшін кран орнату биіктігі аспап конструкциясымен анықталады.

6.3.28 Мүгедектерге арналған душ кабиналарында және балалар мектепалды мекемелерінде биіктігі бойынша реттелетін, майысқақ шлангысы бар душ торларын қолданған жөн.

6.3.29 Мүгедектерге арналған үй-жайларда суық және ыстық су крандары, сондай-ақ араластырғыштар тұтқыш немесе басқыш әрекетті болуы тиіс.

6.3.30 Қол кемістігі бар мүгедектерге арналған үй-жайларда орнатылатын жуғыштар мен раковина араластырғыштары, сондай-ақ шайғыш бактар крандары аяқпен немесе шынтақпен басқарылуы тиіс.

6.4 Ішкі кәріз жүйесін монтаждау

6.4.1 Ішкі тұрмыстық кәріз жүйесін монтаждауды жұмыс жүргізу жобасы болғанда жүргізу қажет.

6.4.2 Кәріздік құбыржолын салу монтаж жобасына сәйкес орындалады.

6.4.3 Монтаждау кезінде көлем түрі, құбыр мен келте құбыр ұзындығы, фасон бөлшектері номенклатурасы жағынан жобалау құжаттамасының талаптарына қатаң сәйкес келетін құбыр өнімі пайданылады.

6.4.4 Құрылыс объектісіндегі материалдардың сапасына кірме бақылауды құбыр салушылардың бригадирі жүргізеді және бақылауға құбыр өнімдері мен жиынтық бұйымдарды визуалды байқау, құбырларды, фасон бөлшектер мен құбыр дайындамасы тораптарын техникалық тексеру, құбыр өнімдері мен санитарлық-техникалық аспаптардың негізгі өлшемдік сипаттамаларын бақылау жатады.

6.4.5 Монтаж жұмыстарын жүргізуді бастағанда жобада көрсетілген жерлерде шойын кәріздік құбырларды бекітуге арналған бөлшектер орнатылған, қабырғаларда, аражабындарда, арақабырғаларда құбыр өткізу үшін саңылаулар, сондай-ақ ғимарат қабырғаларында атыздар (жобаға сәйкес құбыржолдарын жасырын салғанда) дайындалған болуы тиіс.

6.4.6 Монтаж операцияларын орындаған кезде шойыннан жасалған құбырларда, фасон бөлшектер мен құбыр дайындамасы тораптарында сызаттардың бар-жоғын тексеруді (тексеру ағаш балғамен бұйымдарды ақырын тықылдату арқылы жүргізіледі), сондай-ақ шойын құбырлардың кең қонышты жапсарлары мен фасон бөлшектерді бітеу сапасын тексеруді (құрылыста монтаждалған қосылыстар және құбыр дайындайтын зауыттан келген дайын құбыр дайындамасы тораптарының жапсарлары тексеріледі) жүргізу қажет. Цемент ерітінді құйылған жапсарларда қатпарлар мен ойықтардың, сондай-ақ кең қоныштың жартылай құйылуына рұқсат етілмейді.

6.4.7 Құбыржолдарын бекіту құралдарын құбырлар мен фасон бөлшектердің кең

қонышың астына орналастыру қажет.

6.4.8 Кәріз шығарылымы ғимараттан байқау құдығына дейін техникалық ұястына монтаж жұмыстарын жүргізгенге дейін салынуы тиіс.

6.4.9 Ревизиялар мен тазартқыштар құбыржолдарына жобаға сәйкес орнатылады және оларға еркін бару мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет. Ревизия қақпақтарының бекітілуі және қақпақ астында төсемнің болуы тексеріледі.

6.4.10 Қабаттың тік құбырлары осьтік монтаждалады және олардың берік бекітілуін тексеру қажет.

6.4.11 Санитарлық-техникалық аспаптар жобамен қарастырылған жерлерге орнатылады және әр монтаждалған аспаптың сыртқы түрі МемСТ 15167, МемСТ 18297 немесе МемСТ 23695 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

6.4.12 Унитазда еденге бұрамашегемен бекітіледі немесе желіммен жабыстырылады. Бұрамашегемен бекітілгенде унитаз негізіне салынған резеңке төсемнің болуы тексеріледі. Унитазды желіммен жабыстыру үй-жай температурасы +5°C-тан төмен болмағанда жүргізіледі, одан кейін унитазды жүктемесіз қозғалмайтын қалыпта кем дегенде 12 сағат ұстау қажет.

6.4.13 Сифонды монтаждағанда сифон корпусы мен бұрғыш құбырды орнату дұрыстығы тексеріледі. Сифондар, шығарылымдар мен қотарулар қажетті төсемдермен жабдықталуы тиіс.

6.4.14 Ванна мен душ табандықтары корпустарының суық сукұбырының болат құбырлармен жерге қосылғанын тексеру қажет.

6.4.15 Тағам өнімдерін дайындауға және өңдеуге арналған технологиялық жабдықты қосу үшін қызмет ететін кәріздік құбыржолдарында, қоғамдық ғимараттарда орнатылған ыдыс жууға арналған жабдықтар мен санитарлық-техникалық аспаптарда, сондай-ақ бассейннің түсірім құбырларында қабылдау құйғышының жоғарғы жағынан кем дегенде 20мм әуе үзілімі болуы тиіс.

6.5 Металл және шойын құбырлардан жасалған ішкі кәріздік жүйені монтаждау

6.5.1 Монтажда шойын кәріздік құбырлардың жапсарлары майланған кендір арқанмен немесе майланған таспалы талшықпен кейін маркасы 100-ден төмен емес цементті ерітіндімен немесе гипсглиноземді кеңейтілген цементпен тығыздалуы тиіс.

6.5.2 Шойын құбырлар мен олардың фасон бөлшектерінің жапсарларын бітеуге пайданылатын таспалы талшық қалыңдығы 7 сантиметрден 8 сантиметрге дейін қатты ширатылуы тиіс, ширатылған талшық екі бұрам жасауға жеткілікті болуы тиіс.

6.5.3 Кең қонышты саңылау айналасының беркелкілігін қамтамасыз ету мақсатымен орталықтау жасалып, шойын құбырлар мен олардың фасон бөлшектерінің қосылысы сынықсыз жүргізілуі тиіс.

6.5.4 Техникалық ұястында құбыржолдарын тігінен және көлденеңінен 90°-қа бұруды 135°-ты екі бұрғышты немесе 135°-ты ұштармақты және 135°-ты бұрышты пайдаланып жүргізу қажет.

6.5.5 Құбыржолдарының техникалық ұястының қабырғаларымен немесе іргетаспен қиылысатын жерлеріндегі саңылауларды бітеуді су өткізбейтін эластикалық

МОНТАЖДАУ

материалдармен (газдалған аудандарда – газ өткізбейтін материалдармен), ал ылғалды жерлерде тығыздаманы салып орындау қажет.

6.5.6 Санитарлық-техникалық аспаптарды монтаждағанда олардың мықтап бекітілгенін бақылау қажет.

6.5.7 Қолжуғыштар мен жуғыштардың полиэтилен сифондарын пайдаланғанда сифонның полиэтилен бұрғыш құбырын шойын құбыржолына қосуды фасон бөлшегінің кең қонышына кейін цемент ерітіндімен бітеп орнатылған резеңке сақинаның көмегімен орындалады.

6.6 Пластмасса құбырларынан және пластмасса фасон бөлшектерінен жасалған ішкі кәріздік жүйені монтаждау

6.6.1 Монтаж жұмыстары көлем түрі, құбыр мен келте құбыр ұзындығы, фасон бөлшектері номенклатурасы жағынан жобалау құжаттамасының талаптарына қатаң сәйкес келетін поливинилхлорид, полиэтилен мен полипропиленнен жасалған құбырлы өнімді пайдалану арқылы жүргізіледі.

6.6.2 Сантехник-жұмысшылардың жұмысы қауіпсіз, өнімді және сапалы болу үшін төмен вольтты жарық болуы, монтаж жұмыстарын жүргізу орны құрылыс қоқысынан тазартылуы және оларға еркін қол жетуді қамтамасыз етілуі, 1,5 м биіктікте жұмыстарды орындау үшін қажетті ағаштар, көпірлер, төсемдер болуы тиіс.

6.6.3 Пластмасса құбырлар мен фасон бөлшектердің кең қоныш қосылыстарын сапалы жинақтау тек жылжыту тереңдігін анықтайтын белгіге дейін екі бөлшекті қосумен қамтамасыз етіледі. Зауыт салатын белгілер болмаған жағдайда, оларды майлы бояумен, грифельмен салуға болады.

6.6.4 Пластмасса құбырлар мен фасон бөлшектердің кең қоныш қосылыстарын монтаждағанда сапалы майлау материалы ретінде глицерин немесе сабынды ерітінді пайданылады. Маймен, солидол немесе басқа ұқсас майлау материалдарымен бөлшектерді майлауға рұқсат етілмейді.

6.6.5 Қажет болған жағдайда құрылыс алаңында пластмасса құбырлар мен пластмасса бөлшектерді механикалық өңдеуге болады. Фасон бөлшектерді кесуге және қысқартуға рұқсат етілмейді.

6.6.6 Резеңке тығыздауыш сақинасы бар кең қоныш қосылыстарды жинақтау сапасы қосылыстағы бір бөлшекті екіншісіне қарай бұру арқылы тексеріледі (егер резеңке сақина шығып кетпесе бөлшек жылдам бұралады).

6.6.7 Пластмасса құбырлар мен фасон бөлшектерден жасалған кәріздік құбыржолдың кең қоныш қосылыстарына арналған техникалық шарттармен қарастырылған конструкциялардың резеңке тығыздауыш сақиналарын пайдалану бақылауға жатады.

6.6.8 Пластмассадан жасалған құбырларды құрылыс конструкцияларына бекіту мтеалл бекіткіш қамыттардың көмегімен орындалады. Қамыттар мен құбырлардың (немесе фасон арасына орнатылған қалыңдығы кемінде 2 мм таспа полиэтилен немесе резеңке төсемнің болуын бақылау қажет.

6.6.9 Ғимараттың іргетастары, қабырғалары мен арақабырғалары арқылы өтетін

жерлерінде қатты материалдан (шатыр болаты, құбырлар және т.т.) жасалған қорғауыш гильзалар (футлярлар) орнатылуы тиіс. Гильзалардың ұзындығы құрылыс конструкциясының қалыңдығынан 20 мм артық болуы тиіс.

6.6.10 Құбырлардың құрылыс конструкциялары арқылы өтетін жерінде полимер материалдан жасалған кәріздік құбыржолының кең қонышты қосылыстарын орналастыруға болмайды.

6.6.11 Жертөле үй-жайларда тік және көлденең құбырларды 90°-қа бұру 45° немесе 30° бұрғыштар жинағын немесе 45° ұштармақты және 45° бұрғышты пайдаланып орындалады.

6.6.12 Санитарлық-техникалық кабиналар деңгей бойынша дәлденген негізге орнатылады.

6.6.13 Қабырғалар мен қабатаралық аражабындардағы атыздар мен саңылауларды бітеу барлық монтаж жұмыстары мен кәріз жүйесін сынау аяқталғаннан орындалады.

6.6.14 Үй-жайларға салынатын, пайдалану шарты бойынша механикалық зақымдануы мүмкін пластмасса кәріз құбыржолдарын қорғау қажет, ал төмен температурада пайдаланылуы мүмкін желі учаскелерін жылыту қажет.

6.6.15 Кәріз жүйесін монтаждау үшін 20°C-тан төмен емес температурада тасымалданған құбырлар, келте құбырлар, фасон бөлшектер, құбырдайындама тораптары мен санитарлық-техникалық кабиналар пайданылады.

6.6.16 Пластмасса құбырлар мен фасон бөлшектерді монтаждағанда оларды соққыдан және майыстыратын үлкен күштен сақтау қажет.

6.7 Суағар құбыржолдарын монтаждау

6.7.1 Ішкі суағарды жинақтау жұмыстарын типтік технологиялық процестерді қамтитын және жергілікті жағдайларға икемделген таңдап алынған технологиялық сызбаларға сәйкес жүргізуге ұсыныс жасалады.

6.7.2 Суағар құйғыштарын орналастыру орнын белгілеуді толықтай жобаға сәйкес жүргізу қажет. Суағар құйғыштардың жобада көрсетілген түрлері мен көлемдерін сапалы орнатылады. Суағар құбырларын салу үшін құрылыс конструкцияларында барлық саңылаулар дайындалады.

6.7.3 Суағар құйғыштар арасындағы қашықтық 100 метрден аспауы тиіс, олардың гидрооқшаулағыш кілеммен түйісуі суөткізгіш болуы және олар шатырда берік орнатылуы тиіс.

6.7.8 Суағар құбыржолдарын бекіту үшін бекіткіштерді белгілеу мен орнатуды, суағар тік құбырларын салу мен бекітуді жобалау құжаттамасы бойынша жүргізу қажет.

6.7.9 Өтпелі металл элементтер құрылыс конструкцияларына берік және қатты бекітілуі тиіс.

6.7.10 Суағар құбыржолы салмағының өзіне әсерін болдырмау үшін суағар құбыржолындағы металл байланыстырғыш бөлшектердің жеке бекіткіштері болуы тиіс.

6.7.11 Суағар құбырының ұзындығы қабат биіктігінен ұзындау болған жағдайда суағар жүйесін монтаждауды келесі технологиялық ретте жүргізу қажет:

- суағар құбыр дайындамалары бар контейнерлерді (пакеттерді, бумаларды)

МОНТАЖДАУ

мұнаралы кранмен төбеге немесе жоғарғы қабаттың аражабынына көтеру (құбыр дайындамаларын суағар тік құбырларын монтаждауды бастағанға дейін оралған күйінде сақтайды);

- суағар тік құбырларын монтаждауды қабатаралық аражабындағы саңылау арқылы құбырды төмен түсіруден және оларды салынып жатқан ғимарат биіктігіне келтіруден бастайды, ол үшін құбырларды контейнерден алып, олардың сапасына кірме бақылау жүргізіп, құбыр ұштарын кірден тазарту қажет;

- қабат сайын ғимарат биіктігі бойына қойылған құбырларды қабатаралық аражабындарға еңкейтіп тірейді. Полимер құбырларды резеңке тығыздауыштарды салғанға дейін бір-біріне салуға немесе желімдеуге рұқсат етілмейді;

- суағар құбырларды түсіргенде оларға іздер мен сызаттар түсуден сақтау үшін қабатаралық аражабындардағы саңылаулардың жан-жағына пергамин, қара қағаз немесе рубероид салу қажет;

- жертөледе болат бұрғыш құбыржолын салу;

- құрылыс конструкцияларында бекіткіштерді белгілеу және орнату;

- жертөледе (немесе 1-қабатта) өтпелі бөлшекті болат бұрғыш құбыржолының кең қонышына бекіту;

- қабаттарда аражабын арқылы өтетін жерлерде әр құбырды пергаминмен (қара қағазбен, рубероидпен) екі қабат орап, жұмсақ сыммен немесе шпагатпен бекіту.

құбырларды өзара ғимарат биіктігі бойына жинау.

6.7.12 Қатты полимерден жасалған суағар тік құбырларының температуралық ұзаруын компенсациялау үшін, мысалы желімделген қосылыстары бар НПВХ-дан жасалған, онда төрт-алты қабатқа резеңке тығыздауыш сақинасы бар бір компенсациялық қосылысты қолдануды қарастырған дұрыс. Эластик полиммерден жасалған суағар тік құбырларының температуралық ұзаруын компенсациялау, мысалы, 32-ЖҚП ПЭ-нен жасалған, онда штартар мен шахталарда құбыржолын «жылан түрінде» салу арқылы мүмкін болады.

6.7.13 Суағар тік құбырлар жылытылаатын үй-жайларда қабырғалар, арақабырғалар немесе баған жанына орнатылады. Ашық немесе атызға, шахтаға орнатылады.

6.7.14 Тұрғын ғимараттарда тік құбырлар, әдетте, басқыш шабағында, дәлізде, қосалқы үй-жайларда орнатылады. Тік құбырлар мен бұрғыш құбырларды пәтерде орнатуға болмайды. Құбырлардың механикалық зақымдануы мүмкін жерлерде оларды жасырын түрде салу қажет. Суағар құбырларды блоктарға және қабырға тақталарына құйып бекітуге рұқсат етілмейді.

6.7.15 Суағар құбыржолдарын өндірістік, қойма немесе қызметтік үй-жай мақсатына жабдықталмаған ғимарат жертөлелерде, ғимарат шатырына ашық салуға болмайды.

6.7.16 Тік құбырларды тек тігінен орнатады.

6.7.17 Аражабынның тік құбыр өтетін жерін аражабын қалыңдығына цементті ерітінді жағуға болады.

6.7.18 Құбыржолдары құрылыс конструкцияларына тым жақын орналаспауы тиіс. Жарыққа қарағанда құбырлар мен құрылыс конструкцияларының арасы кемінде 20 мм болуы тиіс.

6.7.19 Суағар желісінің бұру учаскелерін тура салу қажет. Су қабылдау

құйғыштарын салу бағытын өзгерту мен қосуды байланыстырғыш бөлшектер (фитингілер) арқылы істеу қажет.

6.7.20 Бұрғыш құбыржолдарының минимал енісін аспалы құбыржолдары үшін 0.005 деп қабылдау қажет. Бұрғыш (көлденең) құбыржолының учаскесінде салу енісін өзгертуге болмайды.

6.7.21 Тік құбырға бұрғыш құбыржолдарын қосу үшін, әдетте, қиғаш айқаспалар мен ұштармақтар қарастырады. Бұған екіжолақты айқаспалар жатпайды. Көлденең жазықтықта түзу айқаспаларды қолдануға болмайды.

6.7.22 Жүйеде арнайы орнықтырғыш қамыты жоқ бітеуіштерді пайдалануға болмайды, себебі бітеуіштер фитингіде шамасы $\sim 0,1\text{м/с}$ болатын үйкеліс күшінің арқасында ұсталып тұрады.

6.7.23 Ішкі суағарлар желісін тазарту үшін ревизиялар, $D 100 - 150$ құбыржолдары үшін арасы кемінде 20 метр қашықтықта тазартқыштар орнатуды қарастыру қажет.

6.7.24 Кең қонышты қосылыстары бар диаметрі 110 мм құбыржолдарының көлденең учаскелері үшін қозғалмайтын және қозғалатын бекіткіштер арасындағы қашықтық $20D$ -дан аспайы тиіс, мұнда D – құбыр диаметрі, қозғалатын бекіткіштер арасындағы қашықтық көлденең құбыржолдары үшін $10D$ -дан аспауы тиіс.

6.8 Су өлшеуіш торапты монтаждау

6.8.1 Суөлшеуіш торапты монтаждау жобалау-сметалық құжаттама негізінде жүзеге асырылады.

6.8.2 Суөлшеуіш торапты монтаждау тек жұмыс істеп тұрған және су толтырылған, шайылған сукұбырларында жүзеге асырылады.

6.8. Суөлшеуіш торапты орнату жылы (20 С-тан төмен емес) және жақсы жарықтандырылған, құрғақ тұрғын емес үй-жайда жүзеге асырылады.

6.8.4 Дұрыс көрсеткішке қол жеткізу үшін торапта өту диаметрі 15-40 мм қанатты суөлшеуіштер болғанда, ұзындығы суөлшеуіш пен ысырманың (вентильдің) арасындағы құбырдың кем дегенде 6-8 диаметріне тең келетін құбыржолының түзу учаскесін; өту диаметрі 50-150 мм турбиналық суөлшеуішті орнатқанда –ұзындығы суөлшеуіш алдында құбырдың 8-10 диаметріне және құбырдан кейін үй ысырмасын орнату жеріне дейін кем дегенде құбырдың бес диаметріне тең келетін учаскені қамтамасыз ету қажет.

6.8.5 Қанатты суөлшеуіштер бұрандалы қосылысы бар көлденең учаскелеріне арналған, ал турбиналық суөлшеуіштер жалғастырғыш қосылыстардың көмегімен құбыржолының кез келген учаскесінде орнатылуы мүмкін. Түзу учаскелер құбырларының диаметрі суөлшеуішке дейін және одан кейін суөлшеуіш өткелінің диаметріне сәйкес келуі тиіс. Суөлшеуіштерді үлкен диаметрлі құбыржолдарына түзу сызықты норматив учаскелерінен тыс орнатылған конус тәрізді өткелдермен жалғанады.

6.8.6 Суөлшеуіш тораптар еден деңгейінен 0,3-1 м биіктікке, қабырғаға қатты бекітілген кронштейндерге немесе үй-жай еденінде кірпіштен салынған бағандарға орналастырылады; сондай-ақ кронштейннің немесе бағанның біреуі тікелей суөлшеуіштің астында болуы тиіс. Суөлшеуіш торап астына негіз құрғанда қондырғыш төрткілдешті пайдаланып деңгей бойынша суөлшеуіштің көлденең қалыбын тексереді. Тораптан ең

МОНТАЖДАУ

жақын қабырғаға дейінгі ұсынылатын минимал қашықтық кемінде 400-450 мм; шаруашылық-ауызсу және өртке қарсы магистральдарда ось деңгейі – 800-1400 мм.

6.8.7 Су арынының төмендеуін болдырмау үшін, бұрғыштар мен фасон бөлшектер саны минимал болуы тиіс, сол себепті өлшеуіш құрылғы құбыржолының түзу учаскесіне орнатылады. Егер пайда болатын күштер құбыр жапсарларымен қабылданбаса, онда бұрылыстарда тіректерді қарастыру қажет.

6.8.8 Суөлшеуіш жұмысына санкциясыз араласудан және есептегіштің көрсеткіштерін өзгертуден қорғау үшін оны қорғасын және пластик пломбалармен немесе пломбаны білдіртпей алуды болдырмайтын арнайы бұранда сыммен пломбаланады.

6.9 Өртке қарсы ішкі сукұбырын монтаждау

6.9.1 Өрт крандары бары бар жүйелер басқа сумен жабдықтау жүйелеріндегі элементтерден тұрады. Монтаж үшін мырышпен қапталған болат құбырлар мен жұмыс қысымы 0,9 МПа-дан кем емес арматура пайдаланады.

6.9.2 Өрт шығырынан, жеңнен, металл өрт оқпанынан (брандспойттан) және жеңді оқпанмен және шығырмен жалғайтын жылдам қабысатын жартылай сомыннан тұратын өрт крандары су бөлетін арматура болып табылады. Әдетте, шартты диаметрі 50 немесе 65 мм өрт крандарын қолданады.

6.9.3 Металл өрт оқпаны бір жағынан байланыстырғыш бастиекпен, ал екінші жағынан – ұштықпен, яғни бүріккішпен аяқталады.

6.9.4 Өрт крандарын өрт шығырының осі еденнен 1,35 м биіктікте болғандай етіп шыны есігі бар шкафта орналастырады. Бір шкафта бір-бірінің үстіне салып екі өрт крандарын орналастыруға болады, ал мұндай жағдай шкафтың көлемі биіктігі жағынан 1820 мм, ені жағынан 750 мм-ге үлкейеді.

Шкаф есігіне қызыл бояумен «ӨК №...» (өрт краны №...) деп жазылады.

6.9.5 Өрт крандарын пайдалану үшін қол жететін жерлерге орналастыру қажет: кіреберісте, жылытылатын басқыш алаңшасында, вестибюльдерде, дәлізде, өтетін жерлерде. Бір ғимараттағы бүріккіштер, жеңдер мен өрт крандарының диаметрі бірдей, ал өрт жеңдерінің ұзындықтары бірдей болуы тиіс.

6.9.5 Судың циркуляциясы болу үшін өртке қарсы сукұбырының тік құбырларын, әдетте, шаруашылық-ауызсу мен жабдықтау жүйесінің тік құбырларына қосады.

6.9.7 Желі учаскелерін жөндеу үшін тиектік арматура қарастырылады және де әр ажыратылған учаскеде бір қабатта крандар саны 5-тен аспауы тиіс және биіктігі 50 метрден асатын ғимаратта тік құбыр саны біреуден аспауы тиіс. Дұрыс жұмыс істеп тұрғанда тиектік арматураны ашық күйінде пломбылайды.

6.10 Сорғы қондырғыларын монтаждау

6.10.1 Сорғы қондырғылары мен олардың жұмыс режимін әзірленген нұсқаларды техника-экономикалық салыстыру негізінде анықтау қажет:

- реттегіш сыйымдылықтар болмағанда үздіксіз немесе ауық-ауық жұмыс істейтін сорғыларды;

- монтаждау сыйымдылығымен бірге жұмыс істейтін өнімділігі судың максималды сағаттық шығынымен үздіксіз немесе ауық-ауық жұмыс істейтін сорғыларды;

- қайтара-қысқамерзімді режимде гидропневматикалық су арынды бактармен немесе мембран типті бактармен бірге жұмыс істейтін өнімділігі бар, тең немесе судың максималды сағаттық шығынынан асып түсетін сорғыларды.

6.10.2 Шаруашылық-ауыз су, өртке қарсы қажеттіліктер үшін сорғы қондырғыларды жылу пункттерінде, бойлер және қазандық бөлмелерінде орнатылады. Сорғы қондырғыларын (өрт қондырғысынан басқа) тұрғын үй-жайлар, балалар немесе балабақшалар мен сәби үйлері топ бөлмелерінің, жалпы білім беру мектептерінің кластарының, аурухана жайларының, әкімшілік ғимараттары жұмыс бөлмелерінің, оқу орындары дәрісханаларының және осы сияқты жайлардың астына орналастыруға рұқсат етілмейді.

6.10.3 Сыртқы желіден су алатын сорғылардың кірме желілеріне ысырма мен кері клапан орнатылады. Спринклерлі және дренчерлі қондырғылар үшін айналма желілер жасамайды.

6.10.4 Сорғыларды автоматты басқарумен кезінде жұмыс сорғысының автоматты қосылуы, жұмыс сорғысын авариялық ажыратқанда резерв сорғысының автоматты қосылуы, өртке қарсы сорғыны қосумен қатар бір уақытта кірмелерде электрысырмалардың ашылуы қарастырылады.

6.10.5 Әр сорғының арынды желісінде кері клапан, ысырма мен манометр қарастырылады. Егер сорғы су қысымымен болса, онда сорғылы желісінде тек ысырма мен манометрді қояды.

6.10.6 Сорғы агрегаттарын еденнен биіктігі кемінде 0,2 м іргетасқа орнатады.

6.10.7 Жабдықтың шығыңқы бөліктерінен бастап жайлар мен агрегаттардың бүйір қабырғаларына дейінгі аралық 0,7 м, жайдың бүйір қабырғаларына дейін – 1 м, таратқыш қалқанға дейін – 2 м.

6.10.8 Диаметрі 100 мм арынды келте құбыры бар сорғыларды қабырғалар мен арақабырғалар бойына агрегаттар мен қабырғалар арасынан өтпейтіндей немесе ғимарат іргетасынан кемінде 200 мм қашықтықта арақабырғамен орнатады, арасына орын қалдырмай бір іргетасқа екі сорғы, бірақ іргетастың айналасына ені кемінде 0,7 м бос орын қалдырып орнатуға болады.

6.10.9 Тұрғын үйлерде, балабақшаларда немесе мектепалды ұйымдарда, қонақүйлерде, шипажайларда, ауруханаларда, демалыс үйлерінде орнатылған сорғы қондырғылары ҚР ҚН 2.04-03 нормалары бойынша шу мен дірілдің азаюын қамтамасыз етуі тиіс.

6.10.10 Сорғы агрегаттарының жұмысы кезінде шуды бәсеңдету үшін діріл оқшаулағыш негіздер қояды, ал арынды сыорғылы құбыржолдарында иілгіш қосымшалап қолданылады.

6.10.11 Сорғы агрегаттарды діріл оқшаулағыш негізде орнату қажет. Арынды және сорғылы сызықтарда діріл оқшаулағыш қосымша орнатуды қарастыру қажет.

Діріл оқшаулағыш негіздер мен діріл оқшаулағыш қосымшалар мына жағдайларда қарастырылмайды:

шудан қорғануды талап етпейтін өндіріс ғимараттарында;

МОНТАЖДАУ

ең жақын тұрған ғимараттан кемінде 25 шақырым қашықтықта орналасқан орталық жылу пунктеріндегі жеке тұрған ғимараттарда.

Сорғы станцияларының құбыржолдарын және сорғылы желілерді станциядан тыс жерлерде болат құбырларды пісіріп монтаждайды. Ернемектерді тек сорғылары мен арматурасы бар құбыржолдарын қосу үшін қолданады.

6.10.12 Шаруашылық-ауызсу немесе шаруашылық-өртке қарсы қажеттілік үшін су беретін, ағынды үзбей жұмыс істейтін сорғы қондырғыларға саниатралық қорғау аймақтарын құрудың қажеті жоқ.

6.10.13 Өндіріс қажеттіліктеріне арналған сорғы қондырғыларын тікелей суды пайдаланатын цехтарда орналастыруға ұсыныс жасалады. Қажет болған жағдайда сорғы қондырғысын қоршауды қарастыру қажет.

6.10.14 Тұтынудың ауыспалы жүктемесі бар жергілікті көтергіш сорғы қондырғысына орнатылатын сорғы агрегаттарды қарастыру қажет. Су арынды немесе гидронеуматикалық бактары бар ғимараттарда сорғы агрегаттарды жиілік-реттелгіш электржетегінсіз (ЖРЖ) орнатуға болады.

6.10.15 Әр сорғының арынды сызығында кері клапан, тиекті құрылғы мен манометрді, ал сорғылыда – тиекті құрылғы мен манометрді қарастыру қажет.

Сорғының сорғылы сызығында тіреуішсіз жұмыс істегенде тиекті арматураны орнатуға болады.

6.10.16 Су қоймасынан су тартқанда «құю үшін» сорғысын орнатуды қарастыру қажет. Сорғыларды су қоймасындағы су деңгейінен жоғары орналастырған жағдайда сорғыларға құюға арналған құрылғыны қарастыру немесе өздігінен соратын сорғыны орнату қажет.

6.11 Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің қосалқы реттеуіш сыйымдылықтарын монтаждау

6.11.1 Қосалқы және реттегіш сыйымдылықтар (су қоймалары, гидронеуматикалық бактар, жылу аккумуляторлары және т.б.) су тұтынуды реттеуге жеткілікті болатын су көлемін сақтауы тиіс.

6.11.2 Суық сумен жабдықтау жүйелеріндегі арынсыз бактар-аккумуляторларды қысқамерзімді су шығыны бар монша, кір жуатын орындар мен басқа тұтынатын жерлерде су қорын жасау үшін қарастыру қажет.

6.11.3 Жылумен жабдықтаудың жабық схемасында 10 және одан көп топтық қондырғыларда душ сеткасының саны бар тұрмыстық ғимараттар мен өндіріс кәсіпорындарының үй-жайларында сыйымдылық жылытқыштарын орнату қажет, ал ашық су тарту кезінде су қорын жасау үшін сыртқы желілер мен құрылыстардың қажетті шығын беруді қамтамасыз етуі мүмкін болмаған жағдайда арынсыз бак-аккумуляторлар орнату қажет.

6.11.4 Су арынды бакты орналастыру биіктігі мен гидронеуматикалық бактағы минимал қысым су бөлу арматурасында қажетті су қысымын, ал біріктірілген су құбырлары жүйесінде қажетті қысымды ішкі өрт крандарындағы өртке қарсы су қорын толығымен пайдаланғанға дейін қамтамасыз етуі тиіс.

6.11.5 Ауыз судың су арынды және гидропневматикалық бактарды, сондай-ақ бак-аккумуляторларды сыртқы және ішкі коррозияға қарсы қорғанышы бар металдан жасау қажет; ішкі коррозияға қарсы қорғаныш үшін санитарлық-эпидемиологиялық сараптамадан өткен және тиісті рұқсаты бар материалдарды пайдалану керек.

Ыстық сумен жабдықтау жүйесінің бак-аккумуляторлары үшін жылу оқшаулығын есеп бойынша қарастыру қажет.

6.11.6 Су арынды бактар мен бак-аккумуляторларды (арынсыз) биіктігі кемінде 2,2 м, температурасы оң, желдетілетін және жарығы бар үй-жайға орнату керек.

6.11.7 Үй-жайдың күш түсетін конструкцияларын жанбайтын материалдан жасау керек. Су арынды бактар мен құрылыс конструкциялары арасындағы қашықтық кемінде 0,7 м; қалтқы клапан орналасқан жағындағы бактар мен құрылыс конструкциялары арасындағы қашықтық кемінде 1 м; бактың жоғарғы жағынан аражабынға дейінгі қашықтық кемінде 0,6м болуы тиіс.

Бактардың астына тұғырық қарастыру қажет. Тұғырық пен бак түбінің арасындағы қашықтық кемінде 0,5 м болуы тиіс.

6.11.8 Су арынды бактар мен бак-аккумуляторлар (арынсыз) үшін мыналарды қарастыру қажет:

- қалтқы клапаны бар бакқа су беру үшін құбырды. Әр қалтқы клапанның алдына тиекті құрылғы орнату қажет;
- бағыттаушы құбырды;
- бактағы судың рұқсат етілетін ең жоғары деңгейінің биіктігінде жалғанатын қотару құбырын;
- құбыржолының жалғанатын учаскесінде тиекті құрылғымен бактың түбіне және қотару құбырына жалғанатын ағызғыш құбырды,
- тұғырықтан суды бұру үшін су бұрғыш құбырды;
- ауыз суды сақтауға арналған бактарда суық судың циркуляциясын қамтамасыз ететін құрылғыны;
- ыстық суды бөлген кездегі үзілісте сыйымдылық жылытқышта қажетті тұрақты температураны сақтау үшін циркуляциялық құбырды; циркуляциялық құбырда тиекті құрылғысы мен клапан-реттегіші бар кері клапан орнатуды қарастыру қажет;
- бакты атмосферамен жалғайтын әуе құбыры. (диаметрі 25 мм);
- сорғы қондырғыларын қосу және ажыратуға арналған бактағы су деңгейінің бергіштері;
- бактағы су деңгейінің сілтеуіштері мен солардың көрсеткіштерін басқару пультіне беруге арналған қондырғыларды.

Ескерту

Бергіш және бұрғыш құбырлар бір құбырға біріктірілуі мүмкін, ондай жағдайда бактың түбіне беретін құбыр тармақтарында кері клапан мен ысырманы немесе вентильді қарастыру керек.

Су арынды бакта судың деңгейі туралы сигнал болмағанда, бакқа қотару құбырынан 5 сантиметрдей төмен және сорғы қондырғысының кезекші үй-жайының раковинасына шығара жалғанатын, диаметрі 15 мм сигнал құбырын қарастыру қажет.

6.11.9 Гидропневматикалық бактар бергіш, бұрғыш және қотару құбыларымен,

МОНТАЖДАУ

сонымен сақтандырғыш клапанмен, манометрмен, деңгей бергішімен және ауа қорын толықтыруға және реттеуге арналған құрылғылармен жабдықталуы керек.

6.11.10 Гидропневматикалық бактарды бактың жоғарғы жағынан аражабынға дейінгі және бактардан қабырғаға дейінгі қашықтық кемінде 0,6 м болатын үй-жайларда орнату керек.

6.11.11 Сарқынды суларды, оның ішінде ағызылатын, сумен айналым жабдықтау жүйесіндегі және суды қайта пайдалану жүйесіндегі суларды жинауға арналған су қоймаларын ғимараттың ішінде және сыртында жергілікті тазалау құрылғыларымен бірге орналастыруға болады.

7 Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін монтаждау кезіндегі техника қауіпсіздігі

7.1 Техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, өнеркәсіп санитариясы, өрт қауіпсіздігі мен экологиялық қауіпсіздік жөніндегі іс-шараларды орындау жауапкершілігі бұйрықпен тағайындалған жұмыс жетекшісіне жүктеледі. Жауапты тұлға тікелей өз немесе бригадир арқылы монтаж жұмыстарына ұйымдастырушылық жетекшілікті жүзеге асырады. Жауапты тұлғаның өкімдері мен нұсқаулары объектіде жұмыс істейтіндердің барлығына міндетті болып табылады.

7.2 Жұмысшылардың еңбегін қорғау қолданыстағы нормаларға және орындалатын жұмыстың сипатына қарай әкімшіліктің қажетті жеке қорғану құралдарының (арнайы киім, аяқкиім және т.б.) беруімен, жұмысшыларды ұйымдық қорғау (қоршаулар, жарықтандыру, желдеткіш, қорғану және сақтану құрылғылары мен құралдары) жөніндегі іс-шараларды орындауымен, санитарлық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етіледі. Жұмысшыларға еңбекке, тамақтануға және демалуына қажетті жағдайлар жасалуы тиіс. Жұмыстарды арнайы аяқкиім мен киім киіп істейді. Құрылыс алаңындағы барлық тұлға міндетті түрде қорғану каскасын киюі тиіс.

7.3 Құбыржолын салу жұмыстарына 18 жасқа толған, полиэтилен құбырларының ерекшеліктері мен оларды монтаждау технологиясын білетін, бекітілген типтік бағдарлама бойынша еңбектің қауіпсіз әдістері мен өрт қауіпсіздігіне оқыту курсынан өткен тұлғалар (жыл сайын олардың білімін тексеру арқылы), сонымен қатар жұмыс орнында инструктаждан өткеннен және техникалық қауіпсіздік жөніндегі өндірістік инструктаждың тіркеу журналындағы тиісті жазбадан кейін жіберіледі.

7.4 Монтаж жұмыстарын орындайтын жұмысшылар мыналарды білуі тиіс:

- орындалатын жұмыстың ағзаға қауіпті және зиянды өндірістік факторларын;
- қолданылатын материалдардың зиянды заттары мен компоненттерін және олардың адам ағзасына тигізетін әсерінің сипатын;
- жеке гигиена ережелерін;
- монтаж жұмыстарын өндіру технологиясы, жұмыс орнын сақтау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі нұсқауларды;
- алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерін.

7.5 Объектіде жұмыс жүргізу қауіпсіздігі мақсатында бригадир:

- ауысым басталмас бұрын басқаратын бригаданың барлық жұмыс орындарында

қауіпсіздік техникасы жағдайын өзі тексеруге және табылған бұзушылықтарды жедел түрде жоюға. Егер бұзушылықтарды бригада күшімен жою мүмкін болмаса немесе жұмыс істейіндердің денсаулығы мен өміріне қауіп төнсе, бригадир ол туралы шеберге немесе жұмыс өндірушісіне хабарлап жұмысқа кіріспеуі тиіс;

- үнемі жұмыс барысында бригада мүшелерін еңбек қауіпсіздігі тәсілдеріне үйретуге, олардың дұрыс орындалуын тексеруге, бригада мүшелерінің арасында еңбек тәртібін қамтамасыз етуге және олардың ішкі тәртіпті сақтауына және бригада мүшелерінің қауіпсіздік техникасын бұзғанда оларды дереу жоюға;

- жұмыс өндірісі жобасына сәйкес жұмысты ұйымдастыруға;

- бригада мүшелерін жеке қорғану құралдарынсыз, арнайы киімсіз және арнайы аяқкиімсіз жұмысқа жібермеуге;

- жұмыс орнының тазалығын, қауіпті жерлердің қоршалуын және қажетті габариттің сақталуын қадағалауға;

- қауіпті аймақта бригада мүшелерінің және бөгде адамдардың болуына жол бермеуге.

Ауру белгісі бар немесе мас күйіндегі адамдарды жұмысқа жібермеуге, құрылыс алаңы аумағынан шығаруға міндетті.

7.6 Қауіпсіздік техникасының ҚР 1.03-14-2011 ҚН көрсетілген жалпы талаптарын, сонымен қатар осы тараудың талаптарын орындау қажет.

7.7 Пісіргіш аппаратты, сонымен қатар электрсымдарды оқшаулауды, құбыр ұштарын және бүйір жағын механикалық өңдеу үшін құрылғы жұмысына байқау мен бақылауды жүргізу қажет. Тексеріс қорытындысы жабдықтың төлқұжат мәліметтеріне сәйкес келуі тиіс.

7.8 Техникалық байқауды жұмыс жүргізу журналына тексеріс қорытындысын тіркеу арқылы кем дегенде айына бір рет жүргізу қажет.

7.9 Пісіру режимі параметрлерінің мәні полимердің әр түріне арналған технологиялық норма талаптарына сай келуі тиіс.

7.10 Полимер материалдан жасалған құбыржолдар құрылысы кезінде пісіру-монтаж жұмыстарын жүргізуге арнайы бағдарлама бойынша теориялық және практикалық оқытудан өткен және арнайы бағдарлама бойынша бақылау жапсарын пісірген дәнекерлеушілер жіберіледі.

7.11 Құбырмен жұмыс барысында өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау қажет. Өрт болған және құбыр жаңған жағдайда оларды кез келген өрт сөндіру құралымен сөндіру керек. Қойма үй-жайларында құбырдың жануынан болған отты сөндіргенде «В» маркілі фильтрі бар газтұтқышты немесе фильтрлейтін газтұтқышты пайдалану қажет.

7.12 Құбыржолының гидравликалық және пневматикалық сынағын оларды мықтап бекіткеннен және ұштарына тіреуіштерді орнатқаннан кейін және бұрылыстарда өткізу қажет.

7.13 Құбыржолын монтаждағанда және сынақтан өткізгенде оларға сатыны және тасымал басқышты сүйеуге, құбыржолымен жүруге тыйым салынады.

7.14 Өндіріс қалдықтарын жинау, тасымалдау, зарарсыздандыру және көму тәртібін қарастыратын саниатарлық ережелер мен нормаларға сәйкес құбырларды монтаждаған кейін болып қалатын қалдықтарды жою қажет.

МОНТАЖДАУ

8 Іске қосып баптау жұмыстарын ұйымдастыру мен орындау және сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерін сынау

8.1 Жалпы ережелер

8.1.1 Монтаж жұмыстары аяқталғанда монтаж ұйымдарымен мына жұмыстар орындалған болуы тиіс:

- міндетті қосымшаға сәйкес актінің жасалуымен гидростатикалық немесе манометрикалық әдістермен ішкі суық және ыстық сумен жабдықтау жүйелерін сынау, сондай-ақ жүйелерді шаю;

- Д-қосымшасына сәйкес актінің жасалуымен ішкі кәріз және суағар жүйелерін сынау;

- Е-қосымшасына сәйкес актінің жасалуымен монтаждalған жабдықты жеке сынау;

- пластмасса құбырларды қолданып сынау.

8.1.2 Сынақтар әрлеу жұмыстары басталғанға дейін жүргізілуі тиіс.

8.2 Жабдықты жеке сынау

8.2.1 Жеке сынақ кезінде келесі жұмыстар орындалуы тиіс:

- орнатылған жабдықтың және орындалған жұмыстың жұмыс құжаттамасына сәйестігін тексеру;

- жабдықты бос жүріс және 4 сағат бойы үздіксіз жұмыс кезінде жүктемемен сынау. Сондай-ақ сорғылар жинағында доңғалақтардың және роторлардың теңгерімі, тығыздама тығыздауыш сапасы, іске қосқыш құрылғының дұрыстығы, дайындау-кәсіпорынның техникалық құжаттамасында көрсетілген жабдықтарды жинақтау мен монтаждау талаптарының орындалуы тексеріледі.

8.2.2 Өткізілген санитарлық-техникалық жүйелерді жеке сынау қорытындылары актілермен ресімделеді.

8.3 Ішкі сумен жабдықтау жүйесін сынау

8.3.1 Ішкі сумен жабдықтау жүйелері МемСТ 25136және ҚР ҚН 4.01-02 талаптарына сәйкес гидростатикалық немесе манометрлік әдіспен сыналуы тиіс.

8.3.2 Гидростатикалық әдіспен сынау кезінде сынама қысымның көлемін 1,5 артық жұмыс қысымына тең етіп қабылдау қажет.

8.3.3 Сынақ бөлшектеу арматурасын орнатқанға дейін жүргізілуі тиіс. Гидростатикалық әдісте сынама қысымның көлемін 1,5 артық жұмыс қысымына тең етіп қабылдау қажет.

8.3.4 Жүйелер 10 минут бойы сынама қысым астында болғанда, қысымның 0,05 МПа-дан аса (0,5 кг/см², төмендеуі, сондай-ақ пісірмен жіктерде, құбырларда, бұрандалы қосылыстарда, арматурада тамшылар және шаю құрылғылары арқылы судың аққаны байқалмаса, онда олар сынақтан өткен болып саналады.

8.3.5 Манометрикалық әдіспен сынағанда сумен жабдықтау жүйесін артық сынама

қысымды 0,15 МПа (1,5 кг/см²) ауамен толтырады. Жүйе 5 минут бойы сынама қысым астында болғанда, қысымның төмендеуі 0,01 МПа-дан аса (0,1 кг/см²) аспаса, онда ол сынақтан өткен болып саналады.

8.4 Ішкі кәріз, суағар жүйелерін сынау

8.4.1 Ішкі кәріз жүйелері мен сорғыту жүйелерінің сынағы байқауға қажетті уақыт кезінде тексерілетін учаскеге қосылған санитарлық аспаптардың 75 %-ын бір уақытта ашу арқылы су төгу әдісімен орындалуы тиіс.

8.4.2 Ішкі кәріз жүйесінің көлденең учаскелерінің сынағы 3 сағат бойы бірінші жоғарғы кең қонышқа дейін (тазартулар, тексерулер) су толтыру әдісімен орындалуы тиіс.

8.4.3 Жүйені байқау кезінде құбыр қабырғалары мен қосылыс жерлері арқылы судың аққаны байқалмаса, онда ол сынақтан өткен болып саналады.

8.4.5 Жерге немесе каналдар астына салынған кәріз бұру құбырларының сынағы бірінші қабат едденінің деңгейіне дейін су толып оларды жапқанға дейін орындалуы тиіс.

8.4.6 Келесі жұмыстар кезінде жасырылатын кәріз жүйесі учаскелерінің сынағы В-қосымшасына сәйкес жасырын жұмыстарды куәландыру актісінің жасалуымен оларды жапқанға дейін су төгу арқылы орындалуы тиіс.

8.4.7 Ішкі суағарлар сынағын оларды суағар құйғышының ең жоғарғы деңгейіне дейін су толтыру арқылы жүргізілуі тиіс. Сынақтың ұзақтығы 10 минуттан кем болмауы тиіс.

Суағарларды байқау кезінде тік құбырларда су деңгейі өзгермесе, онда олар сынақтан өткен болып саналады.

9 Сумен жабдықтау жүйелерін сумен шаю және дезинфекциялау

9.1 Сумен жабдықтау жүйесін дезинфекциялау үшін төмендегі хлорқұрамды реагенттер қолданылады:

- құрғақ реагенттер – МемСТ 1692-85 бойынша хлорлы әктас , МемСТ 25263-82 бойынша А маркалы гипохлорит кальций (нейтралды);

- сұйық реагенттер - гипохлорит натрий (хлорватистқышқылды натрий) МемСТ 11086-76 бойынша А және Б маркалы; электролитті гипохлорит натрий және МемСТ 6718-86 бойынша сұйық хлор.

9.2 Әдетте, қалып қойған кірді және кездейсоқ заттарды алып тастау үшін ішкі сумен жабдықтау жүйелерінің ішін тазарту мен шаюды сулы ауамен (гидропневматикалық) немесе тек сумен шаю арқылы гидравликалық сынақ өткізер алдында орындау қажет.

9.3 Гидропневматикалық шаюды су шығынының кемінде 50% көлемінде суды сығылған ауамен бірге құбыржолдарымен беру арқылы жүзеге асыру қажет.

9.4 Ауаны құбырға құбырдың ішкі қысымынан 0,05 - 0,15 МПа (0,5 - 1,5 кгс/шаршы.см) асатын қысыммен беру қажет. Сулы ауа қоспасы қоғалысының жылдамдығын 2,0.-ден 3,0 м/с шегінде қабылдау қажет.

9.5 Құбыржолдарының шайылатын учаскелерінің ұзындығы, сондай-ақ құбырға су жіберу және поршень жерлері және жұмыс жүргізу тәртібі жұмыс сызбасы, трасса

МОНТАЖДАУ

жоспары және т.б. енгізілген жұмыс жүргізу жобасында анықталуы тиіс.

9.6 Құбыржолдары тазартылып шайылғаннан кейін құбырдағы хлорлы сумен байланыс уақыты 5-6 сағат 75-100 мг/л(г/текше.м) белсенді хлор концентрациясымен немесе хлорлы сумен байланыс уақыты кемінде 24 сағат 40-50 мг/л(г/текше.м) белсенді хлор концентрациясымен хлорлы дезинфекциялауға жатады. Белсенді хлор концентрациясы құбыржолының ластану деңгейіне байланысты белгіленеді.

9.7 Хлорламас бұрын келесі дайындық жұмыстарын орындау қажет:

